



Айналайын, Атамекен, ақ мекен!

# Хантәңірі



@ g.hantaniri@mail.ru  
f hantengrigazeti  
hantengrigazeti.kz  
hantengri.gazetiikz

Газет 1936 жылдан шығады

Райымбек аудандық қоғамдық – саяси газет

№37 (8367) 11 қазан, сенбі, 2025 жыл

5 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ!

## Ұстаздық – ұлы мамандық



Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтардың анасы! «Бала жүрегі-кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек»деп, Мұхтар Шаханов айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ғана қолынан келетін іс.

Ұлы мамандықты жанына серік еткен ұстаздар қауымының мерекесі аудандық мәдениет үйінде аталып өтті. Мерекелік салтанатты жиынның басын аудан әкімі Құдабаев Дастан Сұлтанмұратұлы құттықтау сөзімен бастады. Барша ұстаздар қауымын төл мерекесімен құттықтай отырып, өз ісін жоғары дәрежеде атқарып жүрген бірқатар мереке иелеріне төс белгілер мен түрлі марапаттар табыс етті. Сондай-ақ, аудандық мәслихаттың хатшысы Самат Сартаубайұлы, аудандық «Қамқор-2» кәсіподағының төрағасы Ұлықпан Әбек жүрек жарды тілектерін жеткізді. Еңбегі елеулі ұстаздарды марапаттап, сый-сияпат көрсетті.

Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсырытын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде. Балаларды білім нәрімен сусындатып жүрген мұғалімдер қандай құрметке болса да лайық.

Өз тілшіміз

## Тағайындау

Райымбек ауданы әкімінің өкімімен **ТЫНЫБАЕВ Самат Өмірсерікұлы** Райымбек ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болып тағайындалды.

Тыныбаев Самат Өмірсерікұлы 1988 жылы 01 тамызда Алматы облысы Райымбек ауданы Нарынқол ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қазақ қатынас жолдары университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2013 жылы «Хоум Кредит энд Финанс банк» Акционерлік қоғамы Еншілес банкінің несие жөніндегі кеңесшісі болып бастаған.

Әр жылдары «Хоум Кредит энд Финанс банк» Акционерлік қоғамы Еншілес банкінің тұтынушылармен жұмыс жөніндегі менеджері, «Қазпочта» АҚ Райымбек аудандық почта байланыс торабының операторы, Райымбек ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының есептеу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маман-бағдарламашысы, құқықтық ұйымдастыру жұмыстары және мәжбүрлеп өндіру бөлімінің бас маманы, салық төлеушілерді әкімшілендіру бөлімінің бас маманы, Райымбек ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі, Райымбек ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілерді әкімшілендіру бөлімінің басшысы, Іле ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының өндірістік емес төлемдерді және дара кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарған.



МЕРЕЙ

## Нұрлан Әкімбайұлы атындағы турнир

Жуырда ауданымыздың ақсақалы қазақша және еркін күрестен спорт шебері, «Халыққа білім беру ісінің озық қызметкері», «Райымбек ауданының Құрметті азаматы», «Ыбырай Алтынсарин», «Мұқағали Мақатаев» атындағы төсбелгісінің иегері, зейнеткер ұстаз, жаттықтырушы Талас ауылының тұрғыны Нұрлан Әкімбайұлы 80 жасқа толғанын бәріміз білеміз. Ол жайлы газетіміздің №34 санында жарияладық.

Н. Әкімбайұлының өзі туып өскен жері Талас ауылында 80 жас мерейтойына орай жасөспірімдер арасында еркін күрестен облыстық турнир өткізілді. Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Жанарбек Жантөреұлы, аудандық мәслихаттың төрағасы Самат Сартаубайұлы, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Медетхан Абилов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекболат Бірбаев құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ, Нұрлан ақсақалға сый-сияпат көрсетіліп иығына шапан жапты. Сонымен бірге «Алматы облысының Құрметті ардагері» атағы берілді.

Еркін күрестен облыстық турнирге арнайы келген жас балуандар боз кілемде білек күшін сынасты. Алматы облысының түкпір-түкпірінен келген кілмықты жасөспірімдердің жарысы тартысқа толы болды. Қарсыласынан амал айлсын асырып, шын мықты екенін дәлілдеп жеңіс тұғырына көтерілген жас балуандар марапатталып, бағалы сый-сияпаттар табыс етілді. Нұрлан Әкімбайұлының өнегелі өмірі жастарға үлгі болды.

Дастан ҚАСЕНҰЛЫ,  
Талас ауылы





алу;  
– кепіл беруші және кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар.  
**«ХАНТӘДІРІ»**





Аудармалық өрнекті Абай тек орыстың классик поэзиясын қотаруға жұмсайды. Байрон, Гете сияқты өзге Европа елдер классиктерінен бірер өленді аударса, оны да Лермонтовтың аудармаларынан алып қазақшылайды. Анық орыс классиктерінен Абайдың аудармалары: Крыловтың бір топ мысалдары, Пушкиннің "Евгений Онегинінен" алып аударған үзінділері және Лермонтовтан жасаған көп аудармалар. Тағы бір жалғыз өленді Буниннен аударған. Ең соңғы зерттеушілердің айтуынша, А. Мицкевичтің кейбір өлеңдеріне үйлес келетін аз аударма да бар делінеді.

Абай жинағында бөлек аттармен әр жылдарға бөлініп бастырылған аудармалардың барлық саны — қырықтың ішінде. Сол қатарда Крыловтың төртбес мысалын аударған. Лермонтовтың өз шығармалары мен аудармаларынан алғанын қосқанда, отызға жуық өлең аударған.

"Евгений Онегиннен" жасалған аудармалар Абайдың толық жинағында бұрынғы Мүрсейіт қолжазбасында жекеше аталып жүрген ретпенен жеті бөлек болады.

Міне, қазір біздің жалпы түрде тексеріп өтетініміз — Абайдың осындай мұрасы. Ақындық еңбегінің айрықша тарихтық, мәдениеттік және ағартушылық өзгеше бағасы бар зор еңбектері.

Енді жеке ақындардан жекеше жасаған аудармаларды айрықша талдаудан бұрын, біраз жалпы ойлар айта кету керек.

Бұл жөнде екі түрлі пікірді ерекше бөліп айтамыз. Оның біріншісі — Абайдың осы аудармаларға берген бейіл, бағасы тұрғысында. Екіншісі — сол аудармалардың Абайдың өз шығармаларына еткен әсері және Абайдың кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік, ұстаздық дәстүр әсері туралы.

Алғашқы жайға оралсақ, әрбір оқушыға даусыз айқын көрінетін нәрсе, Абай өзі сүйген орыс классиктерін кейде дәл, кейде еркін аударып отырса да, әр кезде барынша көркем, шебер өлеңнің үлгісін берген. Бұл жөнде біздің ақынның ізденуі, өзіндегі тіл байлығы мен ірі талантын ерекше ынтамен зер салып жұмсауы өзгеше көрінеді. Өз өлеңдерін туғызуда қолданған ақындық шабыт, сыншыл ұқыптылық еңбекке келгенде, барынша күшімен түгел жұмсалған деуге болады. Тіпті, кейде Абайдың өзі тудырған тамаша нәзік те терең сырлы ащы сөздер, көрікті ойлар немесе аса өткір жанышпа, мысқыл ажуа, ащы сөздер осы аудармаларда үнемі көрініп отырады.

Зор мәдениетке жеткен, дүниежүзілік әдебиетте ұлы классиктері озғын шыққан орыс халқының өскелең поэзиясы, әрине, Абайдың өз елінің жас әдебиетінде өздеріне тең сипат, әрекеттерді кездестірген жоқ еді. Сондықтан да Абайдың шебер аудармалары ғана Пушкин, Лермонтов поэзиясының көркемдігін, терең сыр, үлкен ойларын жеткізді. Крыловтың халықтық өткір мысқыл, ұста сатирасының түгел түсінікті болуына жол ашты.

Осы айтылған пікір жоғарыда аталған екінші жайға да белгілі дәрежеде шешу айтады. Абайдың аудармалары оның өз шығармаларына да белгілі

# Абай Құнанбаевтың аудармалары



әсер еткенін атаған едік. Анығында, 1887 жылдан бастап Абайдың өлер жылдарына шейін оның аудармалық еңбектері жыл санап қосылып, молайып отырады. Сонда, Абайдың өзі көп толғайтын тақырыптарын түгел еске алсақ, бара-бара сол тақырыптардың барлығына жазылған өлеңдерге де Абай жасап жүрген аудармалардың аса жақсы, жемісті жаңалық әсері бар екенін аңғару қиын емес.

Рас, қоғамдық мін-мінездерді, қалып-құрыстарды шенеуде Абай Пушкин мен Лермонтовтан гөрі, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардан молырақ үлгі-өнеге көрді дегенбіз. Бірақ сол қоғамдық тақырыптардың өзінің ішінде де жиі кездесе беретін мұнды-сыршы жалғыздық ойларға соққанда, Пушкин, Лермонтов саз-сарыны байқалмайды деуге болмайды.

Ал осыдан соңғы ақындық жайындағы тақырыптарды, эстетикалық принциптерді алсақ, табиғат көркін, махаббат жайын, жеке бастың көңіл сырын, лирикасын алсақ, Абайдың ақындық шеберлігі асқан сайын оның теңеулері, көркем түрлері — бәрі де Пушкин, Лермонтовқа еліктемей отырып, соларменен басталып, табыса туысып бара жатқанын анық танытады.

Бұл Абайдың өз шығармасына аудармалық еңбектерінің ала келген аса қадірлі әсері деуге керек. Ал Абайдан соңғы қазақ әдебиетін алсақ, улы ақын жасаған аударманың мәдениеттік, тәрбиелік, көркемдік әсері ұшан-теңіз. Өзге-өзгесінен бұрын, Абай аудармалық еңбегімен және де өз тусындағы қауымын көп тәрбиеледі. Надан қазақ сахарасына орыстың ұлы мәдениетінің жарығын әкеп төккендей болды. Бұл жөндегі Абай еңбегі тек әдебиеттік қана еңбек емес, ол зор кең мағыналы ағартушылық, тарихтық, қоғамдық еңбек еді.

Патшалықтың отаршылық аппаратынан өгейлік қана көріп жүрген қазақтың қалың бұқарасына Абай орыс классиктерін аудару арқылы анық орыс халқының жүрегін, сезім мен ойларын, қасиет-қадірін ашты.

Ол ұлы халықтың дана ұлдарының аузыменен айтылған толып жатқан шындықтарды, тәрбиелік үлгі-өнегені айқындап көп танытты. Сол арқышы Крылов, Лермонтовтар өткен ғасырдың соңғы шенінің өзінде-ақ қазақтың жас қауымына, жаңа буындарына барлықтамаша шығармалармен қадірлі, сүйікті болады. Ол шығармалар Абайдың өз жырларынан бірде-бір кем бағаланған емес. Сондықтан да кейінгі қазақ әдебиетінің ендігі тарихында орыс әдебиетінің ықпалы, үлгі-өнегелік әсері үзілместен дами беретін болды. Енді Абай аудармаларының нақтылы же-

кеше түрлерін тексеру үстінде осы айтылған жалпы пікірлердің дұрыстығын айқындай түсуді талап етеміз.

Аудармалық шығармаларды тексеруді Абайдың өз шығармаларына қолданған жылма-жылдық ретпенен жүргіземіз. Сол себепті орыс әдебиет тарихында Крыловтың дәуірі бұрынырақ болғанмен, оның мысалдарын Абай кейін аударғандықтан біз Абай аудармасы жайындағы алғашқы сөзді ақының "Евгений Онегиннен" жасаған аудармаларына арнаймыз.

Бұл шығарманы Абай бөлек-бөлек үзінділер түрінде аударады. "Онегиннің сипаты", "Татьянаның хаты", «Онегиннің ойы» («Таңғажайып»), "Онегиннің сөзі" ("Хатыңнан жақсы ұғындым") "Онегиннің хаты" («Құп білемін, сізге жақпас») «Татьянаның сөзі» ("Тәңірі қосқан"), "Ленскийдің сөзі" ("Барасың қайда-қайда").

Осындай жеті бөлек жекеше тақырыптармен түгел "Евгении Онегин" романының ұзын бойына созылып, екі жас арасындағы махаббаттың хал-құбылыстары беріледі.

Әрине, бұнда Пушкин романының ерекше көп жайлары аударылмай, сырт қалады. Абай ол романның ішінен тек Онегин, Татьяна арасында кезек ауысқан күшті махаббат күйлерін ғана сөз қылады көбінше, Абайдың аударуында хаттарменен баян етілген роман (эпистолярный роман) қалыптанған тәрізді.

Аудармасының соңында Абай өз жанынан Онегнге ақырғы сөз береді. Пушкинде жоқ. Еркін өзгерістің, Абайдың өзінше дәлелдеген, ерекше бір түрі.

Қазақ оқушысына көптен мәлім мәселе, Абайдың бұл аудармасында Пушкиннің текстіне үнемі ұқсас келіп отырмайтын еркіндік бар. Жеке алғанда, Онегиннің сипатында, Ленскийдің сөзінде және Татьянаның "Амал жоқ, қайттым білдірмей" деп басталатын хатында, онан соң Онегин айтқан хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін" дейтін бөлімдерде Пушкинге көп жерлерінде Абай жақын келіп отырады. Кейбір жолдар мен Пушкин қолданған теңеулерді де Абай шебер етіп аударып береді. Бірақ сонда да бұл бөлімдердің өзінде Абайдың өзінен қосылған жолдар, шумақтар, ой сезімдер жиі ұшырайды. Ал Онегиннің алғашқы хатты алғанда ойланатын жері Абайда "Таңғажайып" деп басталатын үлкен өлеңмен баян етіледі. Онан соң "Онегиннің кейін жазатын хаты" ("Құп білемін, сізге жақпас") және "Татьянаның сөзі" ("Тәңірі қосқан жар едің сен") бәрі де Пушкин текстісінен алыстап кетіп, мейлінше еркін суреттелген болады. Бұл тұстарында Абай Пушкиндей аударма жасамай, оның орнына Пушкиннің

ізімен жаңа жайларды жырлап кетеді. Ең аяғында, жоғарыда айтылғандай, Онегиннің өкінішін үлкен трагедиялық ауыр ойға жеткізіп, оған өлім тілетеді. Бұл Абайдың мүлде өз жанынан қосқан халдер мен өзгерістері дедік.

Осылайша Пушкиннің үлкен шығармасына қазақ ақыны Абай бірталай еркіндік жасайды. Бұндай шығармалық еңбек етудің екі түрлі айқын себебі бар деп білеміз. Оның біріншісі көне ең үлкен себебі — Абай орыс жастарының сезім-сырларынан, өмір түйін тағдырынан өзінің жас оқушысына үлгі боларлық тәлім-тәрбие бермекші болады. Екінші себебі, біздің ойымызша, 1889 жылы жалғыз "Бородиноны" аудармасын еске алмағанда, қолға алғаны осы Пушкин романы. Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма турасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше, өзгереді болған тәрізді. «Ескендір» поэмасының тақырып желісін Низамиден алып, өзгертіп жырлағаны сияқты. Абай бұрын өзі білген, ақын Шығыс классик поэзиясында қолданып жүрген нәзира" жолын қолдана түскен тәрізді. Аударатын оригиналдың өзінде бар шындық пен сырлардың, халдер мен қасиеттердің көбін арқау етіп ала отыра және де тың арман, мақсаттар қосады. Осылайша аудару өз заманындағы оқушылар үшін ұстаздық, үгіт жағынан қажеттірек деп ұсынады. Осы тұрғыдан қарасақ, жоғарыда айтқандай, қазақ класына орыс жастарының өмірінен үлгілі әңгіме баян етіп (к-руді ең үлкен мүддесі етіп алады. Сондықтан Абай үшін риасыз жігіттің қайғылы, күлкілі халінен гөрі, оның шынымен қателесіп, бар жанымен шын қамығып, өкінгені қымбаттырақ. Өмірде бір жақсыны бір жақсы кезінде баға алмау, бір ғазиз жанның сирек қасиетін кезінде тани алмау әр ортада, әр заманда, әрбір жазықсыз адамның өмірінде де болуға мүмкін.

Бірақ соның артынан, өзінің жаңылғанын білген уақытта туатын үлкен өкініш, үлкен жалынды арман, алғашқының қатесін жуғандай, жойғандай немесе жеңілтендей болу керек. Ондай адамдық шындық халден әр халықтың, әр дәуірдің жастары ойланып, үлгі алу керек дейді. Әдебиеттегі өмірге жақын стиль — реализмнің ең зор сыры да осындай болар.

Сол себепті де Абай Онегинді айыпты адам қылып шығармайды. Оны тек жұлдызынан жаңылған, жазықсыздан жаза басқан жақсы жан етеді. Сөйтіп барып, біріне-бірі теңдік, жаны туысқан жақындық себепті анық бұйырылған адамдар тірлік талқысының себебінен қосыла алмай, қоса күңіреніп, қапыда кетеді. Сөйтіп, жақсы Татьянаға жақсы Онегиннің қолы жетпей қалады.

Дәл осы жай туралы кеңірек ойланып қарасақ, Абайдың Онегинді ұғынуы тіпті де ұшқары, үстірт емес, терең ұғыну екенін байқауға болады. Бұл жөнінде Белинскийдің Онегин басын талдап түсіндірген сын мақаласын оқыған адам дауласпауға тиіс. Онегиндегі барлық сыртқы сипат, ішкі жаратылыс, оқшау мінез өзгерістердің баршасын Белинский өзгеше көрегендік, тапқыр сыншылдықпен түгел ашып береді. Сөйтеді де, оның мінезін өзі де түсінеді, жұртқа да түсіндіре отырып, көпшілік ойлаған үстірт күнә, айыптың көбінен Онегинді ақтап шығады. Ішкі сырына келгенде, Белинский Онегиннің адамшылығын өз ортасындағы та-

(Жалғасы 4-бетте).



(Жалғасы. Басы 3-бетте).

# Абай Құнанбаевтың аудармалары

тымсыз еркектердің бәрінен биік деп, артық бағалайды.

Пушкиннің осы романындағы үлкен қасиетті сынағанда, ұлы сыншы "романда бір замандағы орыс қауымы берілген", — дейді. Және сол қауымның тұлға бейнесі үш адамның басынан көрінген. Олар: Онегин, Татьяна және бұл екеуінен төменірек дәрежеде тұратын Ленский деп біледі.

Анығында, Белинскийдің ұғындыруынша, Татьяна қаншалық орыс жанды болса, Онегин де, сол сипаттың көбін сыртқа шығарып көрсете алмаса да, ішінде сақтаған адам болып шығады.

Енді сол жайларды еске ала отырып, Абайдың Онегинді опалы, жақсы жігіт етіп шығаруына келсек, бұның екі түрлі орынды себебі болып шықты. Біріншіден — Абай Онегинді анық Белинскийдің бағасы бойынша түсініп отыр. Екінші - сондай Онегиннің адамгершілік, турашылдық, әділ сыншылдық қасиеттерін өзі де асыра жырласа, қазақтың жастары осындай жақсы жігітті үлгі етсін дейді. Абай үшін оның заманында опасыз Онегинді әңгіме етудің қажеті аз болғандай, өйткені қазақтағы жақсы қыздың әзиз жанын түсінбей, бағаламай жарақаттайтын опасыз жігіт күнде кездесер еді. Ондай опасыздың өкінішінен де үлгі шықпас еді. Шын опасыз жігіт өкінішінде де жарытпас еді. Онан да шыншыл, қиянатсыз, опалы жігіттің өкініші қандай қиын халге соқса да, қандайлық арман қалдырса да, жар етуге жарамды.

Осылайша қарағандықтан, Абай Татьяна мен Онегиннің ішкі сезім сырларын ашқанда, өз қолынан келген ақындық, шеберлік, ізденушілік өнерінің бәрін жұмсайды. 1889 жылға шейін Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің "Құп білемін, сізге жақпас" деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерге Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы — шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады. Шалыс ұйқасты Пушкин қолданатын көп ұйқастардың ішіне ең жиі кездесетін үлгісі ретінде жаңа түр етіп алады. Кейін аударып болысымен, Татьяна мен Онегиннің сырлы сөздеріне арнап, өзінше әсем саздар тудырады. Ішкі сезім толқындарын барынша нәзік, өткір, орамды шеберлікпен келтіруде, Абайдың ақындығы осы еңбек арқылы өзі де биік белге шыққандай болады. Тырысып аударғандық сонша дәрежеде болғандықтан, біз Онегиннің өз текстерінен дәл шығуды ғана ойламай, Абайдың көбінесе сол Татьяна, Онегин жайын басқа тілде оқитын басқа қауымның жөні бөлек жастарына әдейі арнап жазуды көп ойлағанын аңғарамыз. Татьянаның тілімен қазақ қызының жүрегіне қоса тіл бітіреді. Онегиннің ойлы-сырлы өкінішімен қазақтың саналы жігіт, жас буынын үлгілі сезімдерге тәрбиелейді. Бұл жөнде, Абайдың аударған Татьяна, Онегині Пушкин шығармасында болған үлкен бір қасиетті ашады. Татьяна Пушкиннің өзінде "орыс жанды" орыс қызы болумен бірге, адам баласындық үлкен қасиет, зор сипаттарға ие болған жан еді.

Абай еңбегінде сол орыс халқындағы адам баласындық қасиеттер иесі болған жас жер жүзілік географиялық ортаның



бәрінде бар адам баласының жас буындарының орта-сында өзінің мұңдасын, сырласын, үндес жандарын тапқанын көресің. Бұған Абай аудармасындағы ерекше ірі көркемдікпенен ақындық шеберліктің өзгеше боп құрылған күйі, келісімдері себепші боп отыр.

Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ жаңағы айтылғандай, оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру көп табыла бермес.

Татьяна мен Онегин сөздерін танытқан Абай жолдарының, шумақтарының олқысы жоқ деуге болады. Кей жерлерінен алсақ та, бұрын айтылмаған үнемі тың және қазақ тілімен бұрынғы шумақтарда хат жүзіне түсіп көрмеген соны тіл, мөлдір, таза сезімдер бал-бұл жанып тұрғанын көреміз. Үнемі ескірмес, әлсіремес жарастықпен ыстық жалын әлі де оқушының жүрегін шарпып, қақ қасында тал бойыңды ұйыта, тыныс алып тұрғандай болады.

Осындайлық шеберлікке жету үшін Абай неше алуан теңеуді, сирек шешендікті және бұның оқушысы білген неше алуан керекке жарарлық түсініктерді, реалистерді түгел қолданады. Кейде қазақтың халықтық, тірлік теңеулерінен де мысал келтіреді. Бұның кейбірі көңілдегідей жарастықпен шықса, кейбірі Татьяна шындығына дәл қабыспай жатса да, ақын оған қысылмайды. Өз халқына, оқушысына өз тұсында ұғымдырақ ету үшін Татьяна мен Онегинді сол өз жұртының тіл-түсініктеріне, кейбір ұғым-нанымдарына жақындатып, жанастыра түседі.

...Шеш көңілімнің жұмбағын,  
Әлде бәрі алданыш.  
Жас жүрек жайып саусағын,  
Талпынған шығар айға алыс, —  
деген аудармада Абай Пушкиннің өзіне жақын барып, шеберлік тапса, Онегиннің хатында басқа сырды көрсетеді.

...Михрабымсың, бас ұрамын,  
Тіл жете алмай ғүзіріме,  
Жетпедім, не жасырамын,  
Гауһарымның қадіріне, — дейді.  
Бұнда алған теңеу "михраб" болуы ғажап емес. Татьяна орыс қызы болу себепті христиан дінінде. Ал "михраб" тек мұсылманның ғана мешітінде болады. Онда имамның ғана сәжда қылатын орны. Абай Онегинге осыны айтқызуда, өзі білген асылдың, өз оқушысы түсінген қадір-қасиеттің, асыл-құрметтің қайсысын болса да екі жастың сезімдерін жеткізуден аямағанын көрсетеді. Әрине, мұнда діндік ұғым-сөздікті алмай, осындай күшті жайды білдіретін

халықтық ұғым-сөздікті алу әлдеқайда орынды болар еді.

Кейін Татьянаның сөзінде және де мұсылмандық ұғымнан "талақ етіп бұл ғаламды" дейтін бір түсінікті келтіреді. Немесе бурынырақ кезде бір айтатынымыздай, орыстың дворян қызына қаспақ қырғызады.

Қаймақ еді көңілімде,  
Бізге қаспақ болды жем, — дегізеді.  
Міне, осындай Пушкинде жоқ және онда болуға мүмкін емес кейбір жайларды да, сирек түрде болса да, теңеу ретінде Абайдың қолданып кететіні бар.

Бұлардың тұсында да, жоғарыда айтылғандай, өз оқушысына ұғымдырақ болғысы келгенінің ізденулері байқалады. Бірақ жалпы алғанда жаңағыдай ерекше, оқшау теңеулер, ұғым түсініктер көп емес. Абай Пушкиннің өзінде бар оригиналдан молайтып, өсіріп, өзгертіп, шығарма тудырып отырса да, көптен-көп жерде орыстың ұлы классигінің өз поэзиясының табиғатына сай міндетті тілмен теңеуді үнемі жақсы тауып отырады.

Пушкинге Абайдың алғашқы аудармаға ауысқанда барған барысы сондайлық болса, енді Лермонтовтың шығармаларын аударуда Абай мүлде басқа сапаны көрсетеді.

Бұл жөнде жалпы айтатынымыз, Абай анық шебер аудармашының өзі болып еңбек етеді. Жиыны Лермонтовтан Абай жасаған аударманың ұзын саны — жиырма жеті өлең, үзінділер.

Көбінше Лермонтовтың жеке өлеңдерін аударумен қатар, Абай орыс ақынының бірнеше поэмаларынан үзінділер де аударады. Бұлары: "Демонның" басынан жасалған "Мұңлы шайтан" деп басталатын өлең, "Боярин Оршадан" "Босқа әуре боп дейтін" Арсенийдің монологы. "Измаил бейдің" кіріспе толғауын да аударады. Лермонтовтың қара сөзбен жазып бітірмеген "Вадим" атты повесінің бас жағын "Батар күнге шымылдық" деп бастай-тын бірталай өлеңмен аударады.

Бұл еңбектерінен жекеше бөлініп тұратын лирикалар ретіндегі аудармалары: "Теректің сыйы", "Қарасам қайғырар жұрт", "Тұтқындағы батыр", "Жолға шықтым", "Жалғыз жалау", "Жартас", "Дуға", "Сал демеймін сөзіме ықыласынды" (Лермонтовтың "Альбомға" деген өлеңі), "Менің сырым, жігіттер", "Бородино" сияқты үлкенді-кішілі көп өлеңдер болады. Және Лермонтов аударуынан Байронның "Еврейская мелодия" деген өлеңін "Көңілім менің қараңғы" деген аудармамен береді. Гетеден атақты "Қараңғы түнде тау

қалғыпты" және де Лермонтов аудармасынан алып қазақшаға аударады.

Бұл айтқандарымыз аудармалар. Ал осылармен қатар, Абай Лермонтовтың кейбір қысқа өлеңдерімен аударма сияқты сөз бастап келіп, өз шығармасына еркін ауысып кететін бір топ мысалдар бар. Бұларды, қазақша баспада көбінше өлеңнің дені Абайдың өзінікі болғандықтан және бұрынғы баспаларда анықтап зер салып, сынап қарамағандықтан, Абайдың өз шығармасы деп атап кетіп жүргендер де бар. Сол ретте Лермонтовтың "Не верь себе, мечтатель молодой" деп басталатын өлеңінің алғашқы шумағы Абайдың "Өзіңе сенбе, жас ойшы" деп басталатын өлеңінің алдында келеді.

Лермонтовтың "Вечер" деген өлеңінің бірнеше жолдары Абайдың "Көлеңке басын ұзартып" дейтін өлеңіне құлақ куй есепті әсер етеді. Абайдағы "Ауру жүрек ақырын соғады жай" дейтін өлең орысша "Больное сердце бьется ровно" деген өлеңмен сарындас шығады. Орысша:

...Опять явилось вдохновенье  
Душе безжизненной моей —  
...Көңілдің күйі тағы да  
Өмірсіз жанның алды ішін, —

деген өлеңдердің де бір тектес екенін байқаймыз. Және де Абайдың "Әм жалықтым, әм жабықтым" деп басталатын өлеңі Лермонтовтың "И скучно, и грустно" дейтін өлеңімен тектес екені айқын көрінеді.

Осы соңғы бір топ өлеңдердің алғашқы жолдарына қарағанда, Абай анық аударма жасаған сияқты көрінеді. Бірақ сол алғашқы жолдар, шумақтардан әрі қарай тексерсек, Абай Лермонтовша бастайды да, сол сарынды кейін өзінше, көңіл сырын, ой толғауын қосып, өзгертіп жырлап кетеді. Жалғыз бұл өлеңдер емес, Абайдың Лермонтовқа баруында осы-ған ұқсаған тағы бірнеше творчестволық іздену тәжірибелер бар. Ол жайлар Абайдың аудармаларын түгелімен ұдайы салыстырып отырып, толық зерттейтін еңбектердің нақты-лы міндеті болу керек.

Тегінде, жаңағыдай өлеңдерді Абайда аударма демей, "Лермонтовтың ізімен" не "Лермонтовша" деп жіктесе де болар еді. Кейде бір улы ақын айтып кеткен теңеулер немесе шумақтар екінші ұлы ақынның сол сарында жазатын өлеңімен туыстас лейтмотив есебінде қосыла жүретіні анық болады. Бұл ретте Лермонтовтың өзінің ғана тәжірибесіне қарасақ та болады. Мысалы, Байронда "В альбом" деген өлең бар. Соның алғашқы шумағын Лермонтов былай аударған:

...Как одинокая гробница,  
Вниманье путника зовет.  
Так эта бедная страница  
Пусть милый взор твой привлечет,  
— деген болса, кейін Лермонтов өзі және де "В альбом" деген өлең жазды. Соның соңғы төрт жолында Байрон теңеуі мен сезімдерін былайша қайталайды:

...Быть может, долго стих унылый  
Тот взгляд удержит над собой,  
Как близ дороги столбовой  
Пришельца памятник могилы...  
Абай осы шумақты "Сад демеймін" дейтін аудармасында:

Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім,  
Жібермей кеп тоқтатар оның көзін.  
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен,

(Жалғасы 5-бетте).



(Жалғасы. Басы 4-бетте).

# Абай Құнанбаевтың аудармалары

Секілді өткен жанның бір күмбезін,  
— деп аударған.

Әрине, бұнда Абайдікі Лермонтовтан жасаған анық аударма. Ал Лермонтовтікі Байроннан жасалған деп аталмаған. Ол тек Байрон сарындас, тектес туған үлгіні көрсетеді. Абайдың жаңа біз біліп көрсеткен бір топ өлеңдеріндегі ерекшелік те осы алуандас.

Енді осы сияқты кейбір өзгешеліктерін бөліп шығарған соң, біз Абайдың Лермонтовтан жасаған анық аудармаларына аз тоқтап өтейік.

Лермонтов шығармаларынан жасаған аудармаларында Абайдың үлкен шеберлікпен, анық ірі шабытпен қоса шабыттанып отырып жасаған аудармаларының кейде өте дәл шыққандары бар. Сонымен бірге дәл емес аудармалар да кездеседі. Ең алғашқы аударма жұмысын Абайдың байқап көргені — 1882 жылғы "Бородино" аудармасы. Үзінділеріне қарағанда, ол дәл аударма болғандай. Ол аудармада Абай қолданған ұйқас, өлшеулер де Лермонтовтың өз түрлеріне, стиліне бейім, келісті шыққан. Кейінгі дәл аудармаларының көбінде де Абай сол "Бородино" тұсында өзі бір рет тапқан түр ұқсастығын үнемі сақтауға тырысады. Бұл жөнде дәл аударған еңбектерін алсақ, Гете — Лермонтовтан: "Қараңғы түнде", сонан соң Лермонтовтың өзінен: "Тұтқындағы батыр", "Сал демеймін" ("Альбомға"), "Жолға шықтым", "Жалау", "Жартас", "Дұға" (және сол өлеңді "Қасиетті дұға" деп екінші қайтара аударған) сияқты өлеңдер. Және Байрон — Лермонтовтан: "Көңілім менің қараңғы" деген өлең. Осының барлығы да Лермонтов текстеріне ерекше жақын шығады. Бұларда Лермонтовтың шумақтары дәл сақталып және әрбір жолдар саны да түпнұсқа мен аудармада бірдей шығып отырады. Тек Абайдың соңғы жинағында (1977-бетте) Лермонтовтан жасалған "Қасиетті дұға" дейтін аудармасының үш шумақпен, он екі жолмен біткен жеріне жаңылыс түрде Абайдың өз жанынан жазған үш шумақ өлеңі — "Ерекше естен кетпес" деп басталатын қысқа өлеңі қосылып кеткен.

Енді біраз өлеңдерде оригиналды көбінше дәл өлшеумен, аса көркем, шешен тілмен аударып отырып, Абайдың өзінше сәл (кейде бірер сөзде) басқа мағына беріп аударатыны бар. Мысалға "Қанжар" деген өлеңін алайық. Бұл өлең Абай аудармасында қазақ оқушысына аса қанықты және өзгеше күйлілік, шеберлігімен соншалық қызықты болған өлең. Аудармалық шеберліктер Лермонтов жолдарының өзіндегі құрыш қуат, әсем сезім, күйлі толқынға көбінше сай келеді. Бірақ осы өлеңнің соңғы бір шумағын Абай түгелімен аудармайды. Екінші өзгешелік - Лермонтовта "задумчивый грузин", "черкес свободный" деген жердегі "задумчивый", "свободный" деген сын есімдер Абайда "грузин ашулы ұста", "ер шеркес" деген еркін сөздермен аударылған. Сондай кейбір ұқсамайтындық ұшыраса да, бұл өлеңнің өзге теңеулері, сезімдері турасында Абай қолданған ақындық, көркем келісімдер оригиналдың қасиетіне үнемі барабар келеді. Мысалы, Лермонтовта:

...И черные глаза, остановись на мне,  
Исполнены таинственной печали, —  
делінсе, Абайда:  
...Қара көз қарап маған көп қадалған,  
Құпия қайғы өртеніп бойын алған,  
— деп аударған.



— деп аударылғанда, қазақтың өзіне де барынша ыстық жалын атып тұрған сырлы сезім жолдары туады. Әсте естен кетпестей ғажайып көркем келіскен үйлесімдер.

Тегінде, Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары әлі сан рет нақтылап, тереңдеп тексеруді талап етеді.

Соңғы жылдарда Абайдың Крыловтан жасаған аудармалары турасында және Абайдың Лермонтовпен жалғасы, соның ішінде аударылмақ еңбегі турасында кейбір диссер-тациялық еңбектерде біраз салыстыру, тексерудің толығырақ деректері беріледі. Біздің ескеретініміз, Лермонтовтан Абай жасаған аудармаларды тексергенде, аударушы ақын-ның сол аудару арқылы қазақ поэзиясына кіргізген жаңаша поэзия мәдениетін айрықша ескеріп бағалау қажет. Көп жерлерде Абай Лермонтовты дәл аударғанда, оның өз жырындағы көркемдік өзгешеліктен басқа, жаңа бір жарастық қоса тұрғанын көреміз.

Сонда Лермонтов ақындығының сұлу сыр, нәзік сезімдерін жеткізу талабымен Абай қазақтың өлеңінде бұрын әсте қолданылмаған, тың жаңалық табады. Қазақтың өз сөзімен өлең құрып отырса да, сол сөздердің қабысуы, кейде жеке сөздердің Абайша шебер ізденгіштікпен өзгеруі өзіне бөлек баға, сын тілейді.

Мысалы, Лермонтовтағы "лилейная рука" Абайда "еркелі нәзік қол" болады. Немесе Лермонтовтың жолы "Как сталь твоя при трепетном огне" делінсе, Абайда "Балатша дірілдеген жалын көрген" деп аударылады. "Таинственная печаль" — "құпия қайғы" деп аударылған. Осы аталған кейбір мысалдардың өзінде "еркелі қол", "жалын көрген болат", "құпия қайғы" деген ұғымдар қазақ сөздерінен құралғанмен, бұрынғы қазақ әдебиетінде айтылмаған, қолданылмаған ұғым, келісімдер.

Кейде Абай Лермонтовтың текстіндегі жалғыз сөзді жалғыз сөзбен төлеу салып аударғанда және де өзгеше бір ізденгіш, тапқырлық көрсетеді. Мысалы, Лермонтовтың "В альбом" деген өлеңін Абай өте шебер аударған. Сол өлеңнің соңғы шумағында — оригиналында:

...Быть может, долго стих унылый...  
— деген жолды Абай:  
...Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім, — дейді.

Осында "унылый" деген сөзді Абай "жабырқаңқы" деп аударады. Қазақта "жабырқау" деген сөз бар. Бірақ жабырқау түн болады. Адамның қабағы жа-



бырқау делінеді. Ал сөз жабырқау деген ұғым бұрын қазақ тілінде, ауызша сөзінде, ақындық сөйлемдерінде қолданылмаған. Абай болса, "жабырқау" деп қана қоймайды, "жабырқаңқы" деп жадаулық күйді үдете түседі. Ақынның сөздігіне ең алғаш кіріп отырған жаңа түр. Бұнда Абай орыстың "унылый" деген сөзінің мағынасын ғана емес, тыңдаушыға беретін қосымша әсерін де (дополнительная ассоциация) қоса қамтыған.

Соның үстінде өзі қазақтың поэзиялық лирикасына жаңа ұғым кіргізген. Міне, Абайдың қазақтағы әдебиет тілін байытуын тексергенде, оның осындай аударма, әсіресе қатты шабыттанып аударған еңбек тұсында сан жаңалықтар іздеп тапқанын ескеріп отыру керек.

"Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз" деген өлеңнің аударылуында тағы бір өзгешелік бар. Лермонтовта: ...Ночь тиха, пустыня внемлет богу... — деген жол Абайда:

...Енсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп, — деп аударылады. "Ночь тиха" деген сөздер Абайдың бұл жолында жоқ. Ол ауысып, бірінші жолға түскенді. Ал, жаңағы "внемлет богу" деген суретті Абай "хаққа мүлгіп" дейді. Тамаша сыпайы әсерлілік табады.

Осында "богу" деген сөзді қазақ көп қолданатын "құдай", "тәңір", "жасаған" немесе "алла" деген ұғымдармен айтса да болатындай. Бірақ Лермонтов "Пустыня внемлет богу" деген сөйлемінде сахараны мінәжат, тағат етіп тұрған күйде алған. Абай сол сезімді "мүлгіп" деген қазақ сөзімен тамаша тауып аударған. Бірақ қазақтағы "мулгу" үнемі дін, тағат-ғибадат ұғымдарымен байланысты емес. Біреудің жаманшылық сөзін де иланғыш адам мүлгіп тыңдауға болады. Ендеше, "мүлгіп" деген сөзді жақсы табумен қатар, соған мінәжаттық, қосымша ұғым бере түсу үшін оның алдына "хаққа" деген қазақта сирек қолданылатын, бірақ иланушылар кезінде "құдай" деген ұғымнан гөрі де биіктей түскен сөзді алады.

Осымен, өзінің өлең жолын айрықша бір тұманды сезіммен толықтыра түседі.

Мінеки, осындай әрбір аудармаларынан байқалған кейбір ерекшеліктерді атап өтумен қатар, біз Абайдың енді Лермонтовтан оншалық дәл аудармаған біраз өлеңдерін еске алайық.

Абайдың бұлайша етуі кейде қысқартудан туады. Ал кейде әдейі қазақ ұғымына шалғай келер деген оймен Лермонтовтың кейбір шумақтарын

не қалдырып кетіп немесе өзгертіп аударатыны бар. Дәл аударылмаған өлеңдер: "Теректің сыйы", "Демонның" басқы жағы (Абайда "Мұңлы шайтан"), "Ой", "Рақат мені тастап", "Босқа әуре боп", "Асау той" деген сияқты жеке өлең мен үзінділер.

Біз бұлардың барлығындағы ерекшеліктерге тоқтамаймыз. Ақынның кейбір өзінше кеткен жерлерінің себептерін ғана ұғына түскіміз келеді. Мысалы, "Теректің сыйын" Абай көп қысқарту жасап аударады. Лермонтовта жетпіс жеті жол өлең Абайда отыз сегіз жолмен аударылады. Себебі, оригиналдың ішіндегі бір үлкен үзіндіні Абай түгелімен тастап кетеді. Онда Терек қарт Каспийге бір ер жігіт кабардинецті әкеле жатырмын дейді. Жігіттің сауыт қаттауында жазылған "Құранның аяты да бар" дейді.

Абай өз оқушысына осы жерді сол қалпында беруді қолайсыз көрген тәрізді. Сол бөлімді алып тастаумен бірге, Лермонтовтың кейбір жолдары мен кей шумақтар ішіндегі мазмұндарын аударыстырып, не өзгертіп алады. Сөйтіп, жалпы алғанда, тамаша көркем шыққан өлеңнің дәлдік жағынан әр алуан өзгешелігі бар. Бірақ сонымен қатар Лермонтов берген образға Абай өзіндік, ақындық шабытпен қатты қызығады. Кейде өз жанынан тамаша әсерлі көркем теңеу қосады. Бұлқынып, жұлынған орасан күштің анық орайлы тексерулерін табады. Мысалы:

- Арыстанның жалындай бұйра толқын,

Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып, — деген теңеу, немесе:

- Екі езуім көпіріп айғайласам,

Шын құтырсам, шын тасты тербеткенмін, — деген образдар Абайдың теңегіштік қуатындағы ірі тапқырлықты танытады.

Тағы бір дәл аударылмаған шығарманың соңғы мысалына "Мұңлы шайтан" деп басталатын "Демон" поэма-сының бас жағынан аударған үзіндіні алайық. Ең әуелі Абай Демонды шайтан деп, бекерге кішірейтіп алмаған. Шайтан Мұсылман ұғымында көп болады. Ал Демонның мұсылманшылық ұғымындағы орайы "Әзәзіл" ғана, Абай сол күйді анық түсініп отыр. Өйткені оның аудармасындағы шайтан құдайдың өзімен таласады. Міне, осы жерлерін аударуда Абай он шақты жолдың көлемінде өз жанынан толғап кетеді.

Сол жолдардың ішінде:  
...Босағасы кең еді, төрде орын тар,  
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.  
Жалғыздық — бір тәңірінің сыбағасы,

Өршілдікпен лағынетке болған дұшар, — дейді.

Бұл тұста Абай анық Әзәзілді баяндап отыр. Лермонтов жолдарынан қазаққа немесе барлық мұсылмандарға жанасып келетін жайды алады да, Абай біраз еркіндеп кетеді. Оны қызықтыратын халық ортасына көп жайылған діндік аңыздың өзі. Бірақ Абай соны діндік қалпынан және де бұра түсіп, қазақтың ұғымына жақындатып әкеп, мүлде ауыл үй қондырады. "Босаға мен төрді" айту қазақтың феодалдық-ақсақалдық немесе патриархалдық-хандық құрылысымен байланысқан болмысты танытады. Төрде жасы үлкен жалғыз әмірші отырғанда, кішінің бәрі бендешілігін, бағыныстылығын таны-

(Жалғасы 6-бетте).



(Жалғасы. Басы 5-бетте).

# Абай Құнанбаевтың аудармалары

тып, босағадан озбау керек. Міне, қазақ оқушысының түсінігіне осылайша жақындату үшін және Әзәзілдің жаманаттылығын күшейту үшін оны шайтан атайды. Жаңағыдай кілт етіп бұзылмас қалыпқа қарсылық етті дейді.

Сөйтіп, бұндағы өзгеріс те, өз тұсын-дағы оқушыларының шама-шарқымен, дін санасы, ұғым-нанымдарымен есептесіп отырып, Абайдың амалсыз кіргізген өзгерісі тәрізді. Осындай себептер өзгерткені болмаса, жалпы Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары бүкіл қазақ поэзиясының оқшау тұрған биігіндей. Анық халықтық, қасиетті қазына болады деп ұғыну керек.

Абайдың ендігі біз тексеретін бір топ көркем, қымбат аудармалары Крыловтан жасалған. Тегінде, қазақ әдебиет тарихына Крылов мысалдары жалғыз Абайдың аудармасынан емес, одан бұрын да кіре бастаған еді. Бұл және де бір Крылов емес, орыс көркем әдебиетінің өлең сөз, қара сөздегі әр алуан үлгісін өзі жазған оқу кітабына кіргізіп, алғаш аударған Ыбырай Алтынсарин болатын.

Абай Алтынсаринның еңбегін жақсы білген де, зор бағалаған. Оны Крыловтан өзі жасайтын аудармасында өз еңбегіне белгілі дәрежеде үлгі етіп алғанын байқауға болады. Алтынсаринның тек аудармалық еңбегі емес, оның орыс классик поэзиясынан үлгі-дәстүр алу-да іздеп тапқан кейбір жолдарын Абай және де өзінің творчестволық тәжірибесімен жақсы қостап, құптайды.

Осы жөнде, мысалы, Алтынсарин қазақ сахарасындағы көктем туралы "Сәуірде көтерілер рахмет туы" деген өлең жазып, қазақ поэзиясында ең бірінші рет реалистік пейзаж жасады. Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының көктемдегі тірлігін, шаруа салтындағы көркем ерекшеліктерін аса жақсы бейнелеп берді.

Бұнда Алтынсарин Пушкин жазған, орыс тұрмысынан алынған жылдың төрт мезгілі турасындағы өлеңдерден көп үлгі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның стиліне ден қойып, соның дәстүрін меңгереді. Ыбырай осы көктем жайындағы жалғыз өлеңнің өзімен қазақтың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзиясын бастап кетті деуге болады.

Абайдың кейін жазатын осы алуандас "Жазғытұры", "Жаз", "Күз", "Қыс" дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айтылған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан да ары көркейіп, дами түскенін білеміз.

Сол сияқты Алтынсаринге Абай орыс классиктерін аудару жөнінен де анық ден қояды. Бұл айтқанның ең үлкен бір белгісін Крыловтың мысалын аударудағы екі ақынның еңбектерінен байқауға болады. Ыбырай мысалдарды аударуда шын шеберлік көрсетіп, қазақ тілінде Крылов шығармаларын жеткізіп берудің арнаулы үлгілерін жасаған. Абай сол үлгілерді көп сынамайды. Өлеңдік түрде Ыбырай салған стильдік тың өзгешеліктерді көп өзгертпей алады. Екі аударушының қолданған өлшеу түрлері, сөздік тақырыптары бір-біріне өзгеше сай келеді. Сондықтан анық қатесіз көшірушілік жасаған адамдардың қолжазбаларында болмаса, кейде Крылов мысалын екі ақынның қайсысы аударғанын білу де оңай емес.

Мысалы, Крыловтың "Ворона и ли-



сица" деген мысалын Абай да, Ыбырай да аударған. Екеулерінің сол аудармасы Абайдың көп қолжазбаларында бірге көшіріліп, бірге таралып жүретін. Соның себебінен Абайдың 1945 жылы шығатын толық жинағына сол екі ақынның аудармасы қатарынан Абайдікі саналып, 224—226-беттерде бірге басылады. Сөйтіп, бүгінгі оқушыға Абай Крыловтың бір мысалын екі рет аударған тәрізді болып жүр. Бұл баспаның қателігі. Анығында, Абайдың аударғаны "Жұрт біледі, күледі" деп басталатын мысал. Ал "Боқтықта талтандап" дейтін Абайдікі емес.

Кеш болса да, осындай қателікті түзеу ретінде тағы айтатын фактілер бар. Жоғарыда айтқандай, Абайдың қол- жазбасын көшіріп жүрген Мұрсейіт сияқты және басқа да толып жатқан адамдар революцияға шейін және одан бері де, кейінгі бастырушыларға қателік жасардай, бір қатерлі әдет қолданатын. Олар Абай өлеңдері мен поэмаларын көшіріп, кітап етуді мақсат етіп отырып, сол Абай өлеңдеріне қоса Абайдың шәкірт ақындарының және Алтынсарин сияқты ақындардың, тіпті басқа замандас ақындардың да кейбір өлеңдерін, авторларын атамастан, қоса көшіріп жіберетін-ді.

Осындайдың салдарынан, Абайдың 1945 жылы шығатын толық жинағында Крыловтан Абай ғана емес, өзге адамдардың жасаған аудармалары да жаңсақ басылып кеткен.

Әсіресе жинақтың тізілуін басқарған кейбір адамдардың шалағайлығы бойынша, жаңағыдай қолдарына түскен Абай қолжазбасының кейбір өзгешеліктерін андамауы бойынша, өзге тұста болмаса да, дәл осы Крыловтың мысалдарын тізген бөлімде көрінеу қателіктер кеткен. Мен өзімнің бала күнімнен білетін ескі қолжазбаларды еске алғанымда, Абайдың Крыловтан жасаған аудармаларын төрт-бестен артық деп айта алмаймын. Олары:

1. "Есек пен Бұлбұл".
2. "Бүркіт пен қарға".
3. "Шегіртке мен құмырысқа".
4. "Түлкі мен қарға".
5. "Піл мен қанден".

Енді осы аудармалар жөнінде Абай еңбегінен байқалатын бірнеше ерекшелікті атап өтейік. Ең алдымен, Абай Крылов мысалдарының әдебиеттік ерекше қасиеттерін жақсы аңғарған. Белинскийдің түсіндіруі бойынша аңғарған деуге болады. Белинский: "Әңгіме мен мақсұт — міне, мысалдың бары осында, сатира мен ирония (ажуа) — міне, оның ең зор сипаты. Крылов

дана адам есебінде мысалдың эстетикалық заңдарын ой-жобамен аңғарған. Орыстың мысалын сол жасады деуге болады", — дейді. Осымен қатар Крыловтан қалған барлық мысалдарды Белинский үш топқа бөледі. Соның әрі сатиралық, әрі поэзиялық ең көркем түрі үшінші топтағы мысалдар дейді.

Және сатира мысалдың поэзиясы деген пікірді айтады. Абай сол үшінші топтан мысалдар аудармаған. Оның аудармалары көбінесе Крыловтың Белинский атаған екінші топ мысалдары болады. Оларға ұлы сыншының берген бағасы: "Бұларда өсиетшілдік бағыт ақындықпен шарпысып отырады", — деген.

Абай Крылов мысалдарынан әсіресе орыс халқының Крылов заманындағы әлеуметтік, саясаттық ерекшеліктерінен туған ажуа, сатира жақтарын көп алмайды. Оның орнына өз оқушысына оңай, ұғымды боларлық, жалпы адам баласының қай қауымына болса да оңай үйлесетін мысалдарды бұрынырақ аударуға талап еткен.

Онан соң жоғарыда Белинский мысалдың бары әңгіме мен мақсұтта десе, сол мақсұт аударманың ең аяғындағы жолдарда келеді. Абай осылардың бірталайын дәл аудармай, өзінен қоспа жасап аударарды.

Мысалы, "Есек пен Бұлбұлда" Крыловтың бір-ақ жолмен айтқан моралін Абай төрт жол өлеңмен береді. Кейде Абай Крылов айтқан қорытындыны, моральды өзгертіп жібереді. Крыловтың "Вороненок" дейтін мысалын аударғанда, ең соңғы қорытынды, моральды Крылов бір басқа, Абай бір басқа айтады. Крылов:

Үлкен ұры құтылып, ұсақ ұры тұтылып қалды, — деген ойды айтса, Абай екі жол өлеңмен:

...Азат басың болсын құл,

Қолдан келмес іске ұмтыл! — деп, мүлде басқаша байлау жасайды. Крыловтағы түйінді қоғамдық сынның өткірлігін өзгертіп, жалпы мінездік жайға теріс ауыстырады.

Ал "Қарға мен түлкі", "Шегіртке мен құмырысқа", "Піл мен қанден" деген аудармаларда Крыловта да қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Абайда да солай. Бұл мысалдың өсиеті өз ішінде деген түсінік байқалады. Абайдың Крыловтан жасаған аудармаларында ендігі бір дәл еместік — "Стрекоза и муравей" дегенді Абай "Шегіртке мен құмырсқа" дейді. Стрекоза — шегіртке емес, инелік. Абай қазақтың фольклорында, жайшылық ұғымында инеліктің араласатын орны аз болған-

дықтан, оны әдейі оның ұғымына жақынырақ, қонымдырақ шегіртке етіп алған тәрізді.

Бұдан соңғы бір өзгешелік, жақсылық жағынан айтқанда, Алтынсарин мен Абай екеуі де жоғарыда Белинский атаған мысал ішіндегі әңгімені, ондағы мінездер мен сөздерді, құбылыс-қиымалдарды мағына жағынан өте дәл береді. Бұл турада, өткір сөзге, шешендікке, тіл байлыққа келгенде, тапқырлық орамдылығы Абайға көп жәрдем етеді.

Бірақ сонымен қатар Алтынсарин де, Абай да Крыловты өлең қып аударған. Ал анық әдебиет жүйесінің көзімен қарағанда, орыс әдебиетінде мысал (бас-ня) стих (өлең) емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей боп шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақысты, ырғақты қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады.

Ал Абай мен Алтынсарин немесе басқа қазақтың аудармашылары болсын, бәрі де Крылов мысалының осы ерекшелігін дәл бермеген. Қазақша аударылуда орыс әдебиетінің бұндайлық бөлекше жанры қазақшада бөлекше жаңа жанр тудырмайды. Кейбір аудармалар қазақтың төрт жолды шумағы бар он бір буынды өлеңімен аударылды.

Абай мен Алтынсарин жеті-сегіз буынды жыр алуандас өлеңмен айна-ымас өлшеуге бағындырып, қысқа жолмен аударарды. Сол себепті сырттай салыстырып қарасақ та, мысалы, Крыловтың "Ворона и лисица" дейтін шығармасы жиырма алты жолға бөлінсе, Абай мен Алтынсаринде елуден аса жолдардан құралады. Крыловтың мұраларынан оның әңгімесі мен сатиралық-ажуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, Абай оның сыртқы түр өзгешелігін көп қуаттамайды.

Адам мінезіндегі, қоғам ішіндегі құнарсыздық, өрескел сорақылық жайларды ашуға үнемі талаптанған Абай мысалды сатиралық жағынан тағы да бір өтімді, қымбат құрал есебінде пайдалануға талпынған.

Бірақ осыны айтумен бірге ескеретін бір пікір, Абайдың өзіндік, ақындық ерекшелігі — адамдық, әлеуметтік турашыл және шыншыл бітімі — оған жалғыз ғана жалтарып айтқан мысалдарды місе қылғызбас еді. Сол себепті, ол Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Щедрин дәстүрінде қоғамдық жаманшылық, масқаралықтарды туралап шаншады. Басқа соғып, көзге шұқып отырып айтуды ақынның айқын жолы деп біледі. Крылов мысалдарын жақсы көріп аударғанмен, Абай сол Крылов үлгісінде мысал жазбайды. Себебі, жаңағы айтқандай, жаманшылықтың жайын жалтартып айтпай, Добролюбов үгіттеген жол бойынша ызалы шабытпен, тура шабуылмен "түңлігін ұшыра соғып" айту керек деп ұғынады. Сондықтан өз бойындағы ажуа мен сатираға толып келген ызалы, толқынды ойларын Абай мысалсыз-ақ ашық, анық өлеңдермен шығарады. Оларының түрі, шеберлігі, әлеуметтік-тарихтық, салт-саналық құны мен көркемдігі қазақ поэзиясының тарихында қандайлық қасиеттермен қалыптанғанын біз Абайдың өз шығармаларын тексергенде түгел айтқанбыз.

bilim-all.kz



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ӨЗ БОЛАШАҒЫН САНАЛЫ ТҮРДЕ ЖОСПАРЛАЙДЫ: ҰЗАҚМЕРЗІМДІ САЛЫМДАР БЕС ЖЫЛ ІШІНДЕ ҮШ ЕСЕ АРТТЫ

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша халықтың Қазақстан банктеріндегі ұлттық валютадағы ұзақмерзімді салымдары 7,9 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда, 10%-ға артық.

Жалпы алғанда, теңгедегі ұзақмерзімді депозиттер нарығы тұрақты әрі қарқынды өсім көрсетіп отыр, бұл — қазақстандықтардың қаржы жүйесіне және ұлттық валютаға деген сенімін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Салыстырар болсақ, 2024 жылы мұндай салымдардың көлемі 7,1 трлн теңгені, 2023 жылы 5,8 трлн теңгені, 2022 жылы 4,1 трлн теңгені құраса, ал бес жыл бұрын, 2020 жылы небәрі 2,3 трлн теңге болды. Демек, соңғы бес жылда нарық көлемі 3 еседен астам өскен, ал орташа жылдық өсім қарқыны 28%-ды құрайды.

Қазақстандағы барлық ЕДБ ішінде ұзақмерзімді депозиттердің көлемінің өсімі бойынша Отбасы банк көш бастап тұр: салымдар бір жылдың ішінде 208,5 млрд теңгеге немесе 9,1%-ға көбейді. Мұндай жоғары өсімнің басты себебі — қазақстандықтардың тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне (ТҮҚЖ) ерекше қызығушылығы. Осылайша, Отбасы банк қаржылық сауаттылықты арттыруға үлес қосуда: халық шығындарын алдын ала жоспарлауды, қаражатты ұзақ мерзімге сақтауды және жинақ қаражатты нақты өмірлік мақсатқа — баспана алуға бағыттауды үйреніп келеді.

Банк ТҮҚЖ жүйесінің арқасында өз клиенттік базасын тұрақты түрде кеңейтіп келеді: тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылардың саны жыл сайын артуда, Отбасы банкінің ұзақмерзімді салымдар құрылымындағы үлесі де жоғары — бүгінде ол 32%-ға жетті. Ал ТҮҚЖ жүйесіне қатысушылардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық құрамындағы үлесі 29,8%-ға жетті (салыстыру үшін: 2019 жылы олардың үлесі 16,9%-ды құрады).

Ұзақмерзімді салымдардың жылдық өсімі бойынша екінші орынға Bereke Bank орналасты: салымдар 152,6 млрд теңгеге артты. Мұндай өсім жоғары мөлшерлемелер мен белсенді жүргізілген маркетингтің арқасында қалыптасып отыр.

Үшінші орынға Kaspi Bank жайғасты: салымдар 100,4 млрд теңгеге көбейді. Мобильді қосымша мен жинақ депозитінің іске қосылуы салымшылардың қызығушылығын арттырып, салымдардың артуына себеп болды.

Айта кетерлігі, Қазақстандағы барлық ЕДБ бірдей өсім көрсете алмады: қарастырылған 15 қаржы институтының алтауы теріс динамика көрсетті. Бұл банктерде салымдар 21 млрд теңге көлемінде азайды.

Теңгедегі ұзақмерзімді депозиттердің тұрақты өсімі халықтың қаржылық сауаттылығының артқанын әрі еліміздегі банк жүйесінің беріктігін айғақтайды. Бұл үрдісті экономикалық дамуға оң әсер ететін фактор ретінде қарастыруға болады, себебі ол ұзақмерзімді инвестицияларға негіз болып, қаржы нарығының ішкі тұрақтылығын күшейтеді.

Жалпы, ұзақмерзімді салымдардың өсімінің бірнеше маңызды тұсы бар— олар төмендегі ақпараттық кестеде толығырақ көрсетілген.

## ҚАЗАҚСТАН БАНКТЕРІНІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ 10 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚТАДЫ

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ҚР ЕДБ-ның реттеушілік меншікті капиталы жыл басынан бері 5,7%-ға өсіп, 10 трлн теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш — банк секторының тұрақтылығы мен беріктігін сипаттайтын негізгі индикаторлардың бірі.

Айта кетерлігі, Қазақстан банктерінің меншікті капиталы жыл сайын тұрақты өсім көрсетіп келеді. Мәселен, өткен жылдың шілде айымен салыстырғанда, оның көлемі 19,6%-ға артқан, ал соңғы бес жылда ҚР ЕДБ-ның реттеушілік меншікті капиталы екі еседен көп өсті.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, еліміздің банк секторы жеткілікті капитал қорына ие. Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) 19,4%-ды, ал меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k2) 20,8%-ды құрайды. Жүйе бойынша орташа алғанда бұл көрсеткіштер заңнамада белгіленген нормативтерден айтарлықтай жоғары және банктерге ықтимал тәуекелдерді жабуға мүмкіндік береді. Меншікті капиталдың өзге де маңызды тұстары төмендегі ақпараттық кестеде көрсетілген.

Жуырда халықаралық S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі де жағдайды оң бағалады: «Біздің ойымызша, Қазақстанның банк секторы геосаяси және макроэкономикалық сын-қатерлерге төтеп бере алатындай жағдайда. Банктер ай-

тарлықтай капитал қорын жинақтап, өтімділік көрсеткіштерін жоғары деңгейде ұстап отыр және негізгі клиенттердің депозиттері қаржыландыру құрылымында елеулі үлеске ие».

Қазақстандағы ЕДБ-ның барлығы дерлік капитал өсімінің тұрақтылығын сақтап отыр. Әр банк саланың дамуына өзіндік үлесін қосуда.

Мәселен, еліміздегі ең ірі қаржы институттарының ішінде жыл басынан бері реттеушілік меншікті капиталдың ең жоғары өсімін Kaspi Bank көрсетті: өсім 14,6%-ды құрап, 1,2 трлн теңгеге дейін жетті.

Меншікті капиталдың өсімі бойынша екінші орынға Home Credit Bank орналасты: өсім 13,4%-ды құрап, 194,5 млрд теңгеге дейін жетті.

Банк ЦентрКредит үздік үштікті түйіндейді: көрсеткіш 12,1%-ға артып, 726,4 млрд теңгеге жетті.

Демек, Қазақстанның банк секторы сенімділігі мен тұрақтылығы жағынан жоғары деңгейде қалып отыр. Меншікті капиталдың айтарлықтай артуы, пруденциялық нормативтердің сақталуы және халықаралық рейтингтік агенттіктердің оң бағасы — мұның барлығы Қазақстанның банк жүйесінің сыртқы сын-қатерлерге табандылықпен төтеп беріп, қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ете алатынын айғақтайды.

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ҚР ЖІӨ-НІҢ 39%-ЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ АЛ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ӨЗІН КІМ ҚОЛДАЙДЫ?

Сарапшылар ШОБ үшін Қазақстанның үздік банкін анықтады. Соңғы мәліметтер бойынша ҚР-да 2,3 млн шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері (ШОК) тіркелген. Олардың ішінде 2,1 млн-ы жұмыс істеп тұр.

Шағын және орта кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың саны 4,3 млн адамға жетті, яғни бір жылда 2%-ға өсті. Бұл ретте ШОК саласына елдің экономикалық белсенді халқының жалпы санының 44,4%-ы тиесілі.

Еліміздің шағын және орта компанияларының өнім шығаруы ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 18,7 трлн теңгеге жетті — ақшалай түрде 11,4%-ға, инфляцияны ескеретін болсақ, 1,9%-ға өсті. Шағын және орта бизнестің (ШОБ) жалпы қосылған құны 11,8 трлн теңгені, ал елдің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 38,6%-ды құрады (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 0,9 тармаққа өсті).

Айта кетейік: Asian Banking & Finance нұсқасы бойынша ШОБ үшін Қазақстанның үздік банкі болып (SME Bank of the Year — Kazakhstan) ForteBank танылды. Жалпы алғанда, бұл күтілген еді: ForteBank шағын және орта бизнесті қолдауды 2025 жылдың негізгі басымдығына айналдырып, 2025 жылды «ШОБ жылы» деп жариялады. Қаржы институты микро, шағын және орта кәсіпорындарға белсенді түрде несие береді, дамудың негізгі бағдарламаларына қатысады және өз жұмысында тұрақты түрде дәл осы сегментке ден қояды. Банк «Даму» қорымен белсенді түрде ынтымақтасады. Мысалы, жалпы лимиті 32 млрд теңгені құрайтын қарызды портфельдік кепілдендірудің бірлескен бағдарламасы жұмыс істейді. Сондай-ақ ForteBank кепілдік қорына 1 млрд теңге көлемінде ерікті жарна салды, бұл портфельдік кепілдендіру лимитін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие алуға мүмкіндік беретін «Өрлеу» бағдарламасы бойынша келісімге қол қойылды. Сондай-ақ банктің микро, шағын және орта бизнесті қаржыландыру, автонесиелеу, стартаптарға арналған ұсыныстар және т.б. өзіндік бағдарламалары бар.

Бір қызығы, жыл басынан бері дәл осы ForteBank несиелік портфельдің өсімі бойынша көш бастап келеді. Мәселен, тамыз айына қарай қаржы институтының несиелік портфелі 2,9 трлн теңгеге жетті — бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарына қарағанда бірден 1 трлн теңгеге көп. Бұл ҚР-дағы барлық ЕДБ арасындағы ең салмақты көрсеткіш, бұл банктің ел экономикасын несиелеуге қатысатынын көрсетеді.

Несиелік портфельдің өсімі бойынша екінші орында Kaspi Bank (плюс 825,9 млрд теңге) тұрса, үздік үштікті Halyk Bank (плюс 731,1 млрд теңге) тұйықтады.

Жыл басынан бері қарыз портфелінің өсімі бойынша үздік бестікке сондай-ақ ЦентрКредит Банкі (плюс 329,7 млрд теңге) және тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне маманданған Отбасы банкі (плюс 186 млрд теңге) кірді. Толық мәлімет төмендегі инфографикада келтірілген.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ШОБ сегментін дамытуды қолдау көрсету қажеттілігін өз жолдауында атап өткен болатын.

«Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл — жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз», — деп атап өтті мемлекет басшысы.

Микро, шағын және орта кәсіпкерлікті, әсіресе басым өндірістік салаларда белсенді қаржылық қолдау елдегі экономикалық әл-ауқат пен әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер етеді, ал өз жұмысында осыған баса назар аударатын қаржы институттары Қазақстанның тұрақты дамуына ықпал етеді.



# Тау мінезді тарлан ақын

Еркін Ібітановтің кім екенін білу үшін, 60-шы жылдарға шолу жасайық. Жиырмадан енді асқан жалынды жас бірден әдебиет алыптарының назарына шалынды.

Мәселен, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов өз қолымен шапан жапты. Шапан болғанда қандай?! Алтын зермен әдіптелген, сал-серілер ғана киетін, нағыз қымбаттың өзі! Не үшін бұлай етті дейсіз ғой. Себебін тыңдаңыз.

Алматыда ақындар айтысы өтеді. Шешуші кезеңге екі ақын сұрыпталады. Талдықорғаннан келген ақсулық әріптесі тұлпардай жер тарпиды. Ақсу – даңқты өлке, Жансүгіровтың туған жері. Сондықтан бәсекелесі Ілиястың рухын ұран етіп көтереді. Поэзия құлагерінің қасиеттерін алға тартады. Егер бұған ұтымды жауаптар қайтарылмаса, жеңілу қауіпі төніп келе жатты. Жанкүйерлер демдерін ішіне тартты. Сол сәтте біздің Еркін ағамыз ерекше серпілді. Тау қырандай шаңқ етіп жырын тапқыр шумақтармен жалғастырды.

*Ол рас, Ілиясқа теңдесті кім?!*

*Алайда, айта берме жерлестігін.*

*Ілияс туған әкең болса-дағы,*

*Дәл саған өлең жазып бермес бүгін!*

– деген кезде, жыр додасына нүкте қойылыпты. Жұрт орндарынан тұрып, дүркірете қол соғады. Мұхтар Омарханұлының ерекше жадырап, аспантаулық ұлға мейірімін төккені бәрінің есінде қалады.

Жиырмадағы Еркін Ібітановтың атағы айтыспен ғана шектелмеді. Жазба поэзияның аспанын да жарқылдатты. Қатарынан озғаны былай тұрсын, жаңа көрінген жас ақынның қабырғалы қаламгерлермен иық тірестіргені әдебиет тарихында кездесетін өте сирек оқиға. Үлкен ғалым Есмағамбет Исмайылов бастаған дуалы ауыздар Ібітанов шығармаларына ақ баталарын беріп, жүрекжарды пікірлерін аяған жоқ. Ең қызығы, ақын жырын талдағандардың бәрі атасы алыстан қосылатын айтулы тұлғалар. Хас талантқа шынайы құрмет деген осы! Қазақтың өлең өлкесіне болмысы бөлек бір жүйріктің қосылғанын уақыт сарапшылары бірауыздан бекітті.

Сөзіміздің дәлелі үшін Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың естелігіне жүгінейік. Әбекең бұл кезде ҚазМУ-дың студенті. Ұлттық кітапханаға келіп, керекті басылымдарына тапсырыс береді. Кезекті сабағына дайындалады. Кенет жұрт әлденеге елеңдеп қозғалақтай бастайды. Көз тоқтатып қарағанда, бір топ жазушыны әкеле жатқан кітапхана директорын көреді. Бәрі белгілі қаламгерлерді қошеметтеп, қуана қол соғады. Алқалы топтың серкесіндей болып, олардың алдында Сәбит Мұқановтың өзі жүр.

Әбіш Кекілбаев естелігін мынандай сөйлемдермен жалғастырады: «Сәбең



төрге шықты. Сәбеңнен кейін – Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Әлжаппар Әбішов, Диқан Әбілов, Жұмағали Сайын, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Смайылов, Сырбай Мәуленов, Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Қызылордадан келген Асқар Тоқмағамбетовтер алшаң басып, алдыға озды. Бәрі тиеселі орындарға жайғасты. Төрдегілерден Ғали Орманов орнынан тұрды. «Әй, әлгі бала қайда?» – деді есік жаққа мойнын созып. Ентелей басып, асыға аттаған бала жігіт те көрінді. Құжынап отырған көп кісіге көзі түсіп, ыржия күліп қояды.

– Е, міне, өзі де келді, – деді қуанған Ғали аға. – Көп ұзамай автобусы жолға шығады. Ауылына бара жатыр. Асығыс. Алдымен осы балаға сөз берейік. Негізгі шараға содан кейін кіріссек қайтеді. Еркін, ортаға шық та, өлеңдеріңді оқы! – деді.

Құлағым елең етті. Бала жігіт мінбеге қарай батыл аттады. Қалтасынан бір бума қағазды қобырата суырды. Дауысын кенеді. «Қойшылар». Поэма», – деп алып лекілдете оқи жөнелді.

Әбіш Кекілбаев бұл естелігінде өзінің де, кітапханандағы жұрттың да жас ақынның өлеңдеріне ерекше таңғалғанын тамсана жазады. Көркем-сөзді «қиыннан қиыстырған ер данасына» кезіккенін суреттейді. Естеліктің сарынынан аңғарғанымыз, Әбіш Кекілбаев содан бергі екі арада елу жыл өтсе де Ібітановке деген сүйіспеншілік әсерінен арыла алмаған. Мұндай құрмет, мұндай ризалық кез-келген авторға арналмайтыны белгілі.

Еркін Ібітановтың тұңғыш кітабы – «Қойшылар». Ол 1961 жылы мемлекеттік баспадан жарық көреді. Дәл осы кезеңде Мұхтар Әуезов Мәскеуге бара жатып, ҚазМУ студенттері алдында ақтық сөзін сөйлейді. Заңғар жазушының өсиеті парасат ережесіндей естілді. «Жақсы жазғандарыңыз далаға кетпейді, ешбір қасиет бағаланбай қалмайды, алтынның танылмауы мүмкін емес" дегені мәні жойылмайтын қағидалар. Кейде маған осы бір теңеулер Еркін аға-

мыздың шығармашылығына да арналып айтылғандай болып көрінеді.

Неге дейсіз бе? Өйткені, он мың таралыммен шыққан жыр жинағы дүкен сөрелерінде ұзақ тұрмады. Өте жылдам таралды. Алатау, Алтай, Атырауды жатырқамай шарлады. Қалың бұқараның, қарапайым еңбек адамдарының етене сырласатын ең жақын серігіне айналды.

Ақынның «Өлеңге тапсырма» деген шығармасы бар. Қаламгер онда өлеңмен серттескенін аңғартады. Нардың жүгіндей ауырлыққа арқасын тосады. Бүгін сол жырды тағы бір қайталасақ, артық болмайтын шығар..

*Қиналып жазған өлеңім,  
Қиналмай шық, сен, баспадан.  
Сенен кеп тапсын керегін,  
Бейтаныс, алыс – басқа жан.*

*Төрінде алыс отардың,  
Мен жазған сендей жыр тұрсын.  
Мұқабаң малыш шопанның,  
Қойнында жүріп жыртылсын.*

*Май-май боп кірлеп беттерің,  
Шоферлар оқып жаттасын.  
Олардан аспаз жалынып,  
Бірің күн сені ап қалсын.*

*Өзінің нәзік жанындай,  
Қызға да жырым ұнасын.  
Жинағым оңай табылмай,  
Бірінен бірі сұрасын.*

*Маздаған ыстық шумақтар,  
Бойына құйып жылуды.  
Түнімен оқып отырған,  
Ұйқатпай қойсын сұлуды.*

*Айтпақшы соңғы тапсырма,  
/Бұл қауіпті, ойнама!/  
Оқушыңа жете алмай,  
Жатып қап жүрме қоймада!*

Бұлай деп, өлеңге өзімсіне тіл қату үшін – нық сенім, ақындық жаратылыс, таза таным, терең білім, жанкешті еңбек керек. Осының бәрі ол кісиде бар

еді. Ешбір жас ақынға бұйырмаған бақ Еркін Ібітановтің иығына қонды. Біз, алпысыншы жылдың оқырмандары, сол оқиғалардың көзі тірі куәгеріміз. «Қойшылар» поэмасын ең үздік шығармалар қатарына жатқызған мектеп оқулығындағы тарауды да мақтанышпен оқыдық.

«Қойшылар» поэмасы – замана шежіресі. Ол сонымен бірге әдемі орындалуымен дара. 60 шумақтан тұратын дастанда басы артық тіркес жоқ. Қиыннан қиысқан. Абай атамызша айтқанда «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» қасиеттерге ие. Сенбесеңіз 64 жыл бойы көнермеген поэманы қайталап қараңыз. Осыдан соң біздің пікірмен келісетініңіз анық. Поэма ұлт тарихының да түйіні. Зерттеуге татитын объекті. Егер ғалымдар еркінтануға бетбұрса, олардың одан ұтылмайтыны анық.

Енді сіздер мен біздер бір сәт бас қосып «Қойшылар» поэмасынан үзінділер тыңдайық.

*Осыдан жарты ғасыр бұрынғы адам,  
Қойшы болса, ол – мына менің бабам.  
Жамыраған қозысын қайтара алмай,  
Кім жыласа, ол – мына менің бабам.  
Ол – мына менің бабам,*

*қайран бабам!*

*Бай билеп жотасында тайраңдаған.  
Сөйтіп жүріп бейшара қараңызшы,  
Мендей ұрпақ қалдырды,*

*қайран қалам!*

Қаперсіз қойын баққан, шарауқор момын бабаның тіршілігін көзіңе осылай елестетеді. Ал келесі тарауда бабалардың баласы – әкенің образы жаңаша бейнеленеді. Ақын Ұлы Отан соғысына қатысқан қойшының ерен ерлігін баланың сүйіспеншілі арқылы суреттейді.

*Орден, орден... ол жайлы*

*сырды ақтарып,*

*Достарыма қоямын бір мақтанып.*

*Айна алдынан өтемін олай-бұлай,*

*Оңашада кеудеме ұрлап тағып.*

*Өзіме айтам. (Тыңдаған куәсі өзім.)*

*Сен осындай боласың, шыда сезім.*

*Сен де осындай орденді көп аласың,*



# Тау мінезді тарлан ақын

Алма бірақ ана бір протезін.  
Поэманың үшінші бөлімі «Өзім» деп аталады. Атакәсіпті эстафета та-  
яғындай қабылдаған үшінші ұрпақтың  
толғанысын оқырманға шынайы түрде  
асқақтата жеткізген.

Сіз ұйқтаңыз, малшылар ай  
жатады,  
Мен сіз тұрмай кетемін тойға тағы.  
Ал сізді менің пысық келіншегім,  
Самаурынын сақылдатып оятады...  
Жолығысар келсе егер кездерің дөп,  
Сыр айтам бір сендерге сезгенім деп.  
Қойда, қойда – рахат, бақыт деген,  
Нанбасаңдар бағыңдар өздерің кеп.

Ақын бұл поэмасында ғасырлар бойы дала өмірінде қалыптасқан ша-  
руашылық жүргізу кәсібін құрметтеуге  
үндейді. Қоғамның өлара сәттерінде  
одан ажырап қалмауды ескертеді. Мәсе-  
лен, басқа ағайындардың тіршілігіне  
қарайықшы. Диқандық дәстүрі бар ұлт-  
тар атакәсібін мақтан етеді. Үлкен лау-  
азымдағы қыметкерлердің өзі кеңселік  
жұмысынан келе салып, қолына кет-  
пенін алып көкөніс пен бау-бақшасына  
бара жатқанын көзіміз көрді. Ал бізде  
ше? «Қазір қой бағатын қазақ жастарын  
табу қиындап барады» дейді ауылдағы-  
лар әлденеге алаңдап. Сол кезде Еркін  
Ібітановтің «Қойшыларын» оқу керек-  
тігі ойға еріксіз оралады.

Ақынның «Үйлену» деген поэмасы  
бар. Керемет! Бір қарағанда, поэмада  
тартыс-талас, күрделі оқиға жоқтың  
қасы. Ауылдың момын тіршілігі баян-  
далады. Алтай деген жігіт Райхан қы-  
зға ғашық болады. Бірақ, батылы ба-  
рып жүрегінің қалауын айта алмайды.  
Райхан да кетәрі емес. Жігіт жақтан бел-  
гіні күтіп елеңдейді. Сөйтіп жүргенде  
Алтай баянистер курсына жол тартады.  
Райханның үміті үзіліп, өзін сырттай  
атастырған Жәкіше тағдырын біржо-  
лата тапсырады. Екі жас бір бірін шын  
сүйетінін той өтіп жатқанда ғана біледі.  
Өкініштен өзектері өртенеді.

Ақын осынау қайталанып жататын  
қарапайым оқиғаны образбен, фило-  
софиямен, шеберлікпен құлпыртқан-  
да, есіңізді алады. Таулы өлкенің қой-  
науына сүңгітеді. Қыздардың жүрек  
сырларына құлақ түргізеді. Құдала-  
лардың астарлы сөзбен айқасқан қа-  
зақы қалжыңына ортақтасасыз. Ауыл  
адамдарының сенгіштігіне, кең пейілі-  
не, ақ көңіліне тәнті боласыз. Мәселен,  
қыздардың жігіттерге мінездеме бер-  
гені, сұрыптағаны кез-келген сарапта-  
малардан артық. Автор оны оқырманға  
күлкіге орап ұсынады. Оңашадағы ой-  
ларды біз де тыңдап көрелік.

Бар деміңді ішіңе алып тынып бақ,  
Бүлдірмеңіз абайсызда күліп қап.  
Қараңызшы, оңашада екі қыз,  
Жігіттерді сорттап  
жатыр сұрыптап.

Мінәжатты, Жұмабекті, Сылқымбек-  
ті, Қоғамбекті сын тезіне алған бойжет-  
кендер ешкімді аяйтын түрі жоқ.  
– Жақсылық ше? Жігіт боп па



сол-дағы,  
Жүз грамды жұтып алса болғаны –  
Жабағыдай шүйкеленген басына,  
Байлық, бақыт барлығы да орнады.  
– Жақсылыққа қарағанда Сауықбай...  
– Жә! Жә! Болды!Сөйлейсің ғой

жай ұқпай.  
Қашан көрсең сүмірейіп жүргені,  
Суға сүңгіп әрең шыққан тауықтай.  
Барлығына жауап тапқыш, ешкімді  
маңына жолатқысы келмейтін бас кей-  
іпкер тек бір жігітке келгенде ғана жу-  
аси береді.

–Иә, Алтай, жақсы жігіт біртүрлі...  
Осы арада байқадық па бір шынды.  
Райхан қыз неге тәтті жымиып,  
Неге үнсіз жеңіл ғана күрсінді?!

Ақын осыны айтады да Райханның  
жағына шығып, Алтайдың қылығына  
ыза болады:  
Сені батыл, сері жігіт, адам деп,  
Оның өзі жолықты ғой саған кеп.  
Мұның бар ғой, барып тұрған  
ынжықтық,  
Ех, шірікін-ай! Орныңда біз  
болар ма ек!

Айтшы досым, осы сен не ойладың?  
Ең болмаса, күт деп айтып

қоймадың.  
Естіп ең ғой. Менен жақсы білесің,  
Жәкішке оны атастырып қойғанын,  
– дейді автор. «Үйлену» поэмасын оқып  
отырған сіз де мұның ақын тудырған  
шығарма екенін ұмытып, Райханның  
сөзін сөйлеп қопаңдап кеткеніңізді  
өзіңіз байқамай қаласыз.  
Поэмада құдалар мен құдағилар-  
дың қалжыңдары жарасымды сипатпен  
өріледі. Сөз ұғаттың жұрттың әңгімеле-  
су мәдениетін өнегелейді.

Қюя шайды қолға алып жай ғана,  
Отырыстық дастарханға айнала.  
Тыңдаушысын дүркін-дүркін күлдіріп,  
Сөз сөйлейді қара мұртты қайнаға.  
–Дәрі дейді сіз пісірген бауырсақ,  
Жақсы болды-ау, алда-жалда  
ауырсақ,

–Оның бетін әрі қылсын құдайым,  
Басымыздан кетіrmесін тәуір шақ.

Деген кезде қойғандай-ақ жоралап,  
Бір бауырсақ түсіп кетті домалап.  
Жұрттың бәрі қарай берді күлісіп,  
Құдағи да мәз боп қалды соған-ақ,  
– дейді автор. Шығарманың шынайы  
әсерінің күштілігі сондай, өзіңіз де сол  
тойдың бел ортасында отырғандай ша-  
палақ соғып жібересіз.

Міне, тау бөктеріндегі шағын ауылда  
той болып жатыр. Сол тойдың уысында  
жүректер дірілдейді. Жолы түйіспеген  
қос ғашық өмір-өзеннің екі жағында  
бір-біріне қарап үнсіз егіледі. Қара суды  
жағалап, жанарынан жас ағып Алтай ке-  
леді. Енді не болады дейсіз ғой. Алайда,  
ақын қаталдыққа бармайды. Кейіпкер-  
лерін құрдымға құлатпайды. Сөзімен  
қорғайды. Оларды жұбата отырып, әрі  
қарай өмір сүрудің амалын ұсынады:  
Кеше ғана жігіт ең ғой көңілді,  
Бүгін неғып көздің жасы төгілді?!

Мә, орамал. Көзіңді сұрт. Жылама!  
Жасты көзбен көре алмайсың өмірді!

– дейді ақын поэмадағы Алтайын жігер-  
лендіріп. Алда өкінішті алмастыратын  
қуаныштар тұрғанын оған да, оқыр-  
манға да осылай болжатады.

Бір күні аз-кем сыр шертті. Ұзақ  
жылғы толғаныстан арылмаған жұм-  
бақ күйін сездірді.

– Жұрттың не күткенін білемін.  
«Мұқағали туралы ең алдымен Еркін  
жазуға тиіс еді ғой. Неге жазбайды?»  
дейтіні анық. Ішімдегі толқынның да-  
мылсыз буырқанып тұратынын олар  
қайдан білсін? Арзанға жоламадым.  
Қымбат сөздің пісуі қиын. Аспанға қа-  
рашы, жұлдыздарды көрдің бе? Мұқаң-  
ның поэзиясы осындай биік және  
нұрлы! Оны бейнелеу үшін сөзде сәуле  
шашатын бояулар болуы керек, – деп  
еді. Кейін Мұқағали ағамның жазушы  
Жәлел Кеттебекке айтқан сөздерін оқы-  
дым. Сонда Мұқаң оған: «Сен мен тура-  
лы естелікті соңынан жазуға тырыс. Ең

соңында достарың ғана жазады» деген  
екен. Екі ақынның ойлау ұқсастықта-  
рына қатты таңғалдым!

Он жылғы толғаныстан кейін  
«Хантәңірі, қайдасың?!» атты Мұқаға-  
ли туралы өлең-роман дүниеге кел-  
ді. Көкейіне күні бұрын кестелен-  
гендіктен шығар, бір жарым айдың  
жүзінде қағазға түсті. Ерекең күндіз  
редакциясының жұмысын атқарды.  
Кешке шығармасының кейіпкерімен  
сырласты. Өлең-роман кешікпей кітап  
болып «Жазушы» баспасынан жарыққа  
шықты.

Терең жерде тек жатпайды  
кемеңгер,  
Жер бетіне шапағатын себем дер.  
Хантәңірі иығында жұлдыздар,  
Жұлдыздары – мәтілдеген өлеңдер!  
«Хантәңірі, қайдасың?!» осындай  
теңеуі бөлек суреттермен аяқталады.

Өмірдің сәті шығар, Еркін ағамен  
оншақты жыл қызметтес болдым.  
Тіпті бір бөлмеде отырдық. Сонда бай-  
қағаным, ақын мінезі аспантаудың та-  
биғатына қатты ұқсайтын. Жауатын  
бұлттай түнерсе, қабағы ашылмаған  
күйі үйге қайтатын. Кейде ой әлемінің  
тұтқынына шырмалып, өз дегеніне өзі  
баладай сеніп шеңберден шығатын  
шақтары бар. Шуағы да жеткілікті. Ең  
бастысы, ақын жүрегі кек сақтап көрген  
емес. Тау мінезімен астастыра суреттеп,  
өз бейнесін өзі жасаған автопоретін  
оқып көрелік.

Тұмшалап қара бұлт тұтасқан,  
Тұншығып көк аспан тұрады.  
Бөктерге тәкаппар шың-тастан,  
Ақ буырыл тұмандар құлады.  
Кездессе кесапат тосын жай –  
Ашуым осындай!

Шатырлап найзағай – от найза,  
Бұлттардың төсіне шаншылмақ.  
Сұп-суық нөсердің астында,  
Жатады жұмыр жер қалшылдап.  
Кездессе кесапат тосынын жай –  
Ашуым осындай!

... Бұлт қашып тығылды, жоғалды,  
Таулардың ақ басын күн шалды.  
Дүние «Уһ!» деп бір демалды,  
Жер сұлу желпінді, бусанды.  
Жаныма келе бер шошынбай –  
Ашуым осындай!

Еркін Ібітановтың журналистігі,  
шешендігі, қайраткерлігі, тәлімгерлігі  
секілді қырлары мен сырлары бір баян-  
дамаға симайды. Ол туралы пікірлерді  
еркінтанушылар толықтыра жатар.

Бұрнағы жылдары «Абай» телеар-  
насының «Ұмытпаймыз» бағдарлама-  
сына сұхбат берген болатынмын. Сол  
сұхбатта Қарасазда қатар өскен қос  
қаламгерге құрметімізді арнап: «Мақа-  
таев айтылған жерде, Ібітанов те айты-  
лады» деген едім. Осы тіркеспен сөзімді  
түйіндейін.

Батық МӘЖИТҰЛЫ,  
ақын



# Медициналық қалдықтардың жіктелуі

Медициналық қалдықтарды жіктеу, оларды жинау, сақтау, өңдеу және кәдеге жарату ережелерін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 1979 жылы қойды, сол кезде тәуелсіз сараптамалық кеңес оларды қауіпті деп жіктеп, жоюдың арнайы әдістерін қолдану қажеттілігін көрсетті.

Медициналық қалдықтар-бұл денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі кезінде пайда болған қалдықтарға көптеген материалдар кіреді: пайдаланылған инелер мен шприцтер, ластанған киімдер, диагностикалық үлгілер, қан, химиялық, фармацевтикалық және радиоактивті материалдар, медици-



налық құрылғылар. Олар үлкен қауіп төндіреді, өйткені олардың құрамында патогендер, улы және радиоактивті заттардың бөлшектері болуы мүмкін.

Санитарлық ережелер бойынша бекітілген жіктеуге сәйкес медициналық қалдықтардың 5 класы бар:

А класындағы қалдықтар-биологиялық сұйықтықтармен немесе жұқпалы аурулармен байланыста болмаған қауіпті емес қалдықтар;

В класындағы қалдықтар - орташа қауіпті (пайдаланылған бір реттік материал, биологиялық қалдықтар);

В класындағы қалдықтар - өте қауіпті (ЖИТС орталықтарының, фтизиатриялық клиникалардың, патогенділігі 1-2 топтағы микроорганизмдермен жұмыс істейтін зертханалардың, аса қауіпті инфекциялары бар бөлімшелердің қалдықтары);

Г класындағы қалдықтар-құрамы бойынша өнеркәсіпке жақын қалдықтар (диагностикалық препараттар, дәрілік заттар, қолданылу мерзімі өткен дезинфекциялау құралдары, люминесцентті лампалар);

Д класындағы қалдықтар-радиоактивті қалдықтар.

Медициналық қалдықтарды жинау үшін бір реттік су өткізбейтін қағаз қапшықтар, сөмкелер, металл және пластик ыдыстар, қауіпсіз кәдеге жарату қораптары, бояуға сәйкес келетін контейнерлер қолданылады. А класындағы қалдықтар-қара, В класындағы қалдықтар - сары, В класындағы қалдықтар - қызыл, Г класындағы қалдықтар-ақ.

Медициналық қалдықтармен жұмыс істеуге алдын ала нұсқамадан өткен және В гепатитіне қарсы вакцинациясы бар адамдар жіберіледі, барлық іс-әрекеттер медициналық ұйымда қабылданған өтініш схемасына сәйкес орындалады, ол А, Б, В, Г және т. б. сыныптарының медициналық қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, кәдеге жарату процесін егжей-тегжейлі сипаттайды.

Әрбір медициналық ұйымда медициналық қалдықтар түзіледі, оларды есепке алу медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналында жүргізіледі. Білім беру орнында жинау, жинақтау учаскесіне тасымалдау немесе әкету және кәдеге жарату үшін беру болсын, кез келген іс-әрекет журналдарда құжатталады және жауапты тұлғалардың қолдарымен расталады.

# Электромагниттік өрістердің адам денсаулығына әсері



Электромагниттік өрістер (ЭМӨ) бізді барлық жерде қоршап, адамның көзіне көрінбейді. Электромагниттік сәулелену кез-келген электр тогының көздерінен (жоғары жиілікті өнеркәсіптік генераторлар, теледидар және радиолокациялық станциялардың генераторлары, рентген қондырғылары және басқа көздер) энергияның сәулеленуіне байланысты пайда болады.

Магнит өрістері электр тогы өтетін жерде пайда болады: ток неғұрлым күшті болса, магнит өрісі соғұрлым күшті болады.

Тіршілік ету ортасының факторы ретінде ЭМӨ-нің адам ағзасына әсер ету проблемасы барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені жыл сайын көздер саны мен олардың сәулелену қуаты артып келеді. ЭМӨ, жиілік деңгейі мен диапазонына қарамастан, санитариялық-эпидемиологиялық нормалауға жатады.

Адам ЭМӨ-ні көрмейтіндіктен және сезінбейтіндіктен, ол әрқашан олардың қауіпті әсерінен сақтанбайды. Электромагниттік сәулелер адам ағзасына зиянды әсер етеді. Электролит болып табылатын қанда электромагниттік сәулеленудің әсерінен тіндердің қызуын тудыратын иондық токтар пайда болады. Жылу шегі деп аталатын белгілі бір сәулелену қарқындылығында дене пайда болған жылуды көтере алмауы мүмкін. Қыздыру әсіресе қарқынды емес қан айналымы бар (көз, ми, асқазан және т.б.) тамыр жүйесі дамымаған мүшелер үшін қауіпті. Көзді бірнеше күн сәулелендіргенде, линзаның бұлыңғырлануы мүмкін, бұл катаракта тудыруы мүмкін. Жылу әсерінен басқа, электромагниттік сәулелер жүйке жүйесіне теріс әсер етеді, жүрек-тамыр жүйесі мен метаболизм функцияларының бұзылуына әкеледі. Биологиялық әсермен қатар электр өрісі адам мен металл зат арасындағы разрядтардың пайда болуына әкеледі. Разряд тогы құрысуларды тудыруы мүмкін.

Өнеркәсіптік жиілік токтарының ЭМӨ әсерінен ұжымдық қорғаныс құралдарының негізгі түрлері- экрандау құрылғылар. Экрандау жалпы және жеке болуы мүмкін (бөлек).

Жалпы экрандау кезінде жоғары жиілікті қондырғы металл қақпақпен жабылады. Орнату корпустың қабырғаларындағы терезелер арқылы басқарылады. Қауіпсіздік мақсатында қаптама қондырғының жерге тұйықталуымен жанасады. Жалпы экрандаудың тағы бір түрі — жоғары жиілікті қондырғыны қашықтан басқарылатын бөлек бөлмеге оқшаулау. Құрылымдық экрандау құрылғылар күнқағарлар, шатырлар немесе металл арқандардан, шыбықтардан, торлардан жасалған бөлімдер түрінде жасалуы мүмкін.

Портативті экрандар алынбалы күнқағарлар, шатырлар, қалқандар және т. б. түрінде жасалуы мүмкін. экрандар қалыңдығы кемінде 0,5 мм қаңылтыр металдан жасалған.

Стационарлық және портативті экрандау құрылғылармен қатар, жалпы пайдалану үшін ЭМӨ әсерінен қорғау үшін жеке (бөлек) экрандау жинақтар қолданылады. Жеке экрандау жиынтықтардың құрамына арнайы киім, арнайы аяқ киім, бас, қол және бетті қорғау құралдары кіреді.

Радиожілік диапазонындағы ЭМӨ көзімен жұмыс істеуге арналған өндірістік үй-жайларды жалпы үй-жайларда да, жеке үй-жайларда да орналастыруға рұқсат етіледі. Жалпы үй-жайларда ЭМӨ көздерін орналастыру, егер қондырғылардағы жұмысқа және оларға қызмет көрсетуге байланысты емес персоналдың жұмыс орындарындағы ЭМӨ деңгейлері "Радиотехникалық объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"санитариялық қағидаларына сәйкес рұқсат етілген шекті деңгейден аспаса көзделеді. Көрсетілген шартты қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда ЭМӨ көздерімен қондырғылар жекелеген үй-жайларда орналастырылады.

Әсер ету жағдайларына, сәулелену көзінің сипаты мен орналасқан жеріне байланысты ЭМӨ-ден қорғаудың қосымша әдістері мен құралдары:

электромагниттік толқындардың энергия ағынының кернеуі мен тығыздығын төмендететін сәйкес жүктемелер мен қуат сіңіргіштерді пайдалану;

жұмыс бөлмесінде жабдықты ұтымды орналастыру;

жабдықтың ұтымды жұмыс режимдерін және персоналдың еңбек режимін таңдау;



# Аурухана ішілік жұқпа қалай таралады

АИИ-емделушіде немесе медицина қызметкерінде болумен, емдеумен, тексерумен немесе медициналық көмекке жүгінумен байланысты кез келген клиникалық танылатын микробтық этиология ауруы (балдың жұмыс жағдайлары. персонал). АИИ Епу-да болған кезде де, одан шыққаннан кейін де пайда болуы мүмкін. (ДДҰ).

Инфекция көздері-ауру адамдар және қоздырғыштың асимптоматикалық тасымалдаушылары. Көбінесе олар пациенттер арасында кездеседі, біршама сирек кездеседі – қызметкерлер арасында және өте сирек жағдайда ауруханаға келушілер көзі болады. Соңғыларының рөлі ауруханаға баруды шектеуге, аурухана бөлмелерінде емес, фойеде кездесу орындарын ұйымдастыруға байланысты аз.

Ауруханаішілік инфекцияның пайда болу жиілігі бойынша:перзентханалар; хирургиялық стационарлар; реанимация және қарқынды терапия бөлімшелері; терапевтік стационарлар; балалар бөлімшелері көш бастап тұр.

ВБИ қоздырғыштарына көбірек

сезімтал: жаңа туған нәрестелер,қарттар, шаршаған, созылмалы патологиясы бар науқастар (қант диабеті, жүрек жеткіліксіздігі, қатерлі ісіктер), антибиотиктер мен антацидтерді ұзақ уақыт қабылдайтын (асқазан сөлінің қышқылдығын төмендететін), АИТВ жұқтырған адамдар, химиотерапия курсынан өткен адамдар, инвазивті манипуляциялардан кейінгі науқастар, күйіктері бар науқастар, маскүнемдер.

АИИ ауруы эпидемиялық немесе спорадикалық болып табылады, яғни аурудың бір немесе бірнеше жағдайлары бір уақытта пайда болады. Науқастарды бір бөлмеде болу, Жалпы құралдарды қолдану, аурухана тағамдарын бірге пайдалану, жалпы санитарлық бөлмені пайдалану байланыстырады. Аурудың маусымдылығы жоқ, олар жылдың кез келген уақы тында тіркеледі.

АИИтында тіркеледі. алдалдын алу-бұл мәселені шешудің ең тиімді әдісі. Нозокомиальды инфекцияны емдеу үшін микроорганизмдер қарсылықты дамыта алмаған ең заманауи антибиотиктер қажет. Осылайша,

антибиотикалық терапия адамзаттың мүмкіндіктері өте шектеулі шексіз жарысқа айналады. Аурухана штаммдарының таралуын болдырмаудың ең маңызды буыны - "мейірбике сертификат" сертификаты бар мамандар. Орта медициналық персонал пациенттерді күтуге, инвазивті манипуляциялар жүргізуге, аурухана ортасының объектілерін дезинфекциялауға және зарарсыздандыруға тікелей қатысады. Емдеу мекемелерінде санитарлық ережелерді қатаң сақтау ғана нозокомиальды инфекцияның өршу жиілігін айтарлықтай төмендетеді.

Алдын алу шараларына мыналар жатады:

- Ауруханаішілік инфекциясы бар науқастарды/тасымалдаушыларды анықтау және санитариялау;
- Қабылдау бөлімшелерінде, таңу және операциялық бөлмелерде "таза" және " лас " ағындарды бөлу;
- Санитарлық эпидемияны қатаң сақтау;
- Емдеу мекемелерінде Бактерияға

қарсы сүзгілері бар сору-шығару желдетуін қолдану;

5. Дезинфекциялаудың механикалық, физикалық және химиялық тәсілдерін пайдалана отырып, аспаптарды, аппаратураны, беттерді мұқият өңдеу;

6. Антибиотиктерді ұтымды қолдану.

Фармацевтика және химия өнеркәсібінің дамуымен ауруханаішілік инфекциялар мәселесі керемет ауқымға ие болды. Антибиотиктерді жеткіліксіз тағайындау, артық/жеткіліксіз концентрацияда барған сайын күшті дезинфекциялық заттарды қолдану микроорганизмдердің өте төзімді штаммдарының пайда болуына әкеледі. Стафилококктың агрессивті және төзімді штаммына байланысты бүкіл аурухана ғимараттары отқа ұшыраған жағдайлар бар-бактериямен күресудің жұмсақ әдістері болған жоқ. Ауруханаішілік инфекция проблемасы-адамзатқа микроорганизмдердің күші, олардың бейімделу және өмір сүру қабілеті туралы еске салудың бір түрі.

## Білім беру мекемелеріндегі температуралық режим туралы

Вирустық инфекциялардың таралу қаупі артып келе жатқан кезеңде мектептер мен балабақшалардағы үй-жайлардың микроклиматына қойылатын талаптарды қатаң сақтау өте маңызды.

Микроклимат дегеніміз не және ол неге соншалықты маңызды?

Микроклимат — бұл ауа температурасы, салыстырмалы ылғалдылық және ауа алмасу қарқындылығы сияқты параметрлердің жиынтығы, ол бөлмеде жайлы және қауіпсіз жағдай жасайды.

Күннің көп бөлігін білім беру мекемелерінде өткізетін балалар үшін бұл нормаларға сәйкестік өте маңызды. Параметрлердің сәйкес келмеуі баланың әл-ауқатын нашарлатып, инфекцияларға бейімділігін арттыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес білім беру мекемелері балалардың денсаулығын қорғау үшін гигиеналық нормативтерді сақтауға міндетті.

Микроклиматқа қойылатын негізгі талаптар:

- Суық мезгілде:
- 20-24 °C — киім ауыстыратын бөлмелер мен дәретханалардағы питомниктер мен кіші топтар үшін.
  - 18-25 °C — орта және мектепке дейінгі топтар үшін.
  - 19-23 °C — питомниктердің жатын бөлмелерінде.
  - 16-22 °C — вестибюльдер мен баспалдақтарда.
- Жылы мезгілде:

Топтық және жатын бөлмелердегі температураның рұқсат етілген диапазоны 18-28 °C құрайды.

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы:

- Суық мезгілде — 60%-ға дейін.
  - Жылы мезгілде — 65%-ға дейін.
- Ауа қозғалысының жылдамдығы:
- Суық мезгілде — 0,1 м/с дейін.
  - Жылы мезгілде — 0,15 м/с дейін.

Инфрақызыл жылыту құрылғыларын пайдалануға тыйым салынғанын есте ұстаған жөн. Терезелер жыл бойы желдетуге бейімделуі тиіс.

Мекеме басшылары үй-жайлардағы ауа температурасын күн сайын бақылауға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмеушілік анықталған жағдайда, температура параметрлерін белгіленген талаптарға сәйкестендіру үшін дереу шаралар қабылдауға міндетті.

Бұл талаптарды сақтау тек ережелерді орындау ғана емес, сонымен қатар тұмау мен ЖРВИ-дің тиімді алдын алу болып табылады.

Г. АБДУКАИМОВА,

Райымбек аудандық

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

## ЖРВИ және тұмаудың алдын алу

Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ)

– әртүрлі вирустармен тыныс алу жолдарының қабынуымен жүретін жұқпалы ауру. Вирустың әртүрлілігіне байланысты, бұл ауру тобына тұмау, парагрипп, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынулары жатады. Сондай-ақ, даму барысында вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады.

Аурудың жасырын кезеңі 2-3 күнді құрайды.

Клиникалық белгілері: жедел респираторлы инфекция кезінде бастапқыда адам шаршағыш, әлсіз, ашуланшақтық болып, әрі қарай бұл белгілер көбейеді. Яғни, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарлап, терлегіш болады.

Ал тұмауда тамақтың ауруы, қышуы, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен конъюнктивит, яғни көздің зақымдану белгілері болады. Осы уақытта аймақтық жақ асты, мойын лимфа тамырларының ұлғаюы да мүмкін.

Ауырған жағдайда міндетті түрде үйде жатып, барынша сұйық зат ішуі керек.

Дене қызуы жоғары болғанда қызу басатын дәрі-дәрмектерді, қажеттілігіне қарай тұмауға қарсы дәрілерді немесе жөтелге қарсы препараттарды дәрі-



гердің кеңесімен қолдану өте маңызды.

Жедел респираторлы вирусты инфекция кезінде антибиотиктер тиімді емес, сондықтан олар бактериялық инфекция немесе асқыну кезінде тек дәрігердің тағайындауымен қабылданады. Өйткені антибиотиктер иммунитетті төмендетеді.

Аурудың алдын-алу:

- Эпидемиялық кезеңде көпшілік орындарда адамдармен байланыс жасаған кезде маска кию;
- Инфекцияның таралуын алдын алу үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы (құрамында спирт бар) ерітіндімен жуу;
- Бір реттік қол орамалын қолдана отыра, жөтелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды жабу,

маска кию, маскаларды тәулігіне 3-4 рет ауыстыру.

- Бөлмені жиі желдету;
  - Аурудан сақтанудың ең тиімді жолы- екпе алу;
- Екпе - кез келген тұмау эпидемиясы кезінде ең сенімді қорғаныс болып табылады. Екпе нәтижесінде пайда болған иммунитет аурудан сенімді қорғайды.
- Екпе мақсаты – инфекция ретінде тұмауды толық жою емес, тұмаудан өлім-жітімді және ауруларды, әсіресе оның асқынуларын, жүрек-қантамырлық, өкпе ауруларының, басқа да созылмалы патологиялардың асқынуын азайту.

Жылда тұмау ауруының алды-алу мақсатында қыркүйек айынан бастап қауіпті топтарға, атап айтқанда:

- 65 жастан жоғары қарттар;
  - созылмалы патологиясы бар балалар;
  - екінші және үшінші триместрдегі жүкті әйелдер;
  - медицина қызметкерлері және басқа да көптеген өндірістік байланыстағы адамдар егіледі.
- Дегенмен де, екпе алудан бөлек салауатты өмір салтын ұстану, ағзаның кез келген инфекциямен күресуіне көмектеседі.

А.Т. АКЕБАЕВА,

Райымбек аудандық санитариялық-

эпидемиологиялық бақылау

басқармасының бас маманы



Алматы облысы Райымбек ауданының әкімдігі (041419), Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі, 22 ғимарат шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын келесі лоттар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 10 жыл мерзімге беруге конкурс жариялайды

| Лотттың<br>номері | Жер учаскесінің<br>орналасқан жері<br>(ауылдық округ) | Жер<br>учаскесінің<br>алқап түрі | Көлемі,<br>га | Бонитет<br>балы | Топырақтың сапалық сипаттамасы                                             | Өңірдің ауыл<br>шаруашылығының<br>мамандануы |
|-------------------|-------------------------------------------------------|----------------------------------|---------------|-----------------|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|
| 1                 | Шәлкөде                                               | Егістік                          | 5 га          | 93,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 2                 | Шәлкөде                                               | Егістік                          | 10 га         | 68,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 3                 | Шәлкөде                                               | егістік                          | 10 га         | 68,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 4                 | Қарасаз                                               | Егістік                          | 10 га         | 68,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 5                 | Қарасаз                                               | Егістік                          | 5 га          | 68,0            | Ауыр саз балшықты орташа қуатты тау-аңғарлы ашық кара топырақ.             | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 6                 | Қарасаз                                               | Егістік                          | 10 га         | 63,0            | Жеңіл саз балшықты орташа қуатты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.      | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 7                 | Қарасаз                                               | Егістік                          | 5 га          | 68,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 8                 | Сарыжаз                                               | Егістік                          | 10 га         | 44,0            | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 9                 | Сарыжаз                                               | Егістік                          | 10 га         | 97,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ                | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 10                | Сарыжаз                                               | Егістік                          | 5 га          | 97,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 11                | Сарыжаз                                               | Егістік                          | 7 га          | 97,0            | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 12                | Сарыжаз                                               | Егістік                          | 10 га         | 86,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ                | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 13                | Текес                                                 | Егістік                          | 9 га          | 97,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 14                | Текес                                                 | Егістік                          | 5 га          | 52,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 15                | Текес                                                 | Егістік                          | 6,2 га        | 52,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 16                | Текес                                                 | Егістік                          | 5 га          | 52,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 17                | Қақпақ                                                | Егістік                          | 5 га          | 94,0            | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ  | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 18                | Қақпақ                                                | Егістік                          | 5 га          | 86,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 19                | Қақпақ                                                | Егістік                          | 2,2 га        | 94,0            | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 20                | Қақпақ                                                | Егістік                          | 1,5 га        | 94,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 21                | Қақпақ                                                | Егістік                          | 10 га         | 86,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 22                | Қайнар                                                | Егістік                          | 10 га         | 52,0            | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 23                | Қайнар                                                | Егістік                          | 10 га         | 52,0            | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту                      |
| 24                | Қайнар                                                | Егістік                          | 7 га          | 52,0            | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту                      |



(Жалғасы. Басы 12-бетте).

|    |          |         |        |      |                                                                            |                         |
|----|----------|---------|--------|------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| 25 | Қайнар   | Егістік | 10 га  | 44,0 | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ.               | Мал шаруашылығын дамыту |
| 26 | Қайнар   | Егістік | 10 га  | 52,0 | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту |
| 27 | Нарынқол | Егістік | 4 га   | 43,0 | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ                | Мал шаруашылығын дамыту |
| 28 | Нарынқол | Егістік | 3,2 га | 32,0 | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту |
| 29 | Нарынқол | Егістік | 3,7 га | 53,0 | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ                | Мал шаруашылығын дамыту |
| 30 | Нарынқол | Егістік | 10 га  | 68,0 | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту |
| 31 | Нарынқол | Егістік | 5 га   | 47,0 | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту |
| 32 | Тегістік | Егістік | 4 га   | 78,0 | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ                | Мал шаруашылығын дамыту |
| 33 | Тегістік | Егістік | 2,2 га | 69,0 | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту |
| 34 | Тегістік | Егістік | 3 га   | 82,0 | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту |
| 35 | Жамбыл   | Егістік | 4 га   | 79,0 | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту |
| 36 | Жамбыл   | Егістік | 5 га   | 83,0 | Жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы күңгірт кара қоңыр топырақ. | Мал шаруашылығын дамыту |
| 37 | Жамбыл   | Егістік | 1,5 га | 78,0 | Орташа аз жетілген орташа қиыршықтасты күңгірт кара топырақ                | Мал шаруашылығын дамыту |
| 38 | Жамбыл   | Егістік | 4 га   | 67,0 | Ауыр саздақты әлсіз қиыршық тасты тау-аңғарлы ашық кара қоңыр топырақ.     | Мал шаруашылығын дамыту |

Конкурсқа қатысу үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығында және "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 1 тамыздағы №281 бұйрығында көрсетілген талаптарға сай келетін ауыл шаруашылығымен айналысатын барлық тұлғалар жіберіледі.

Сонымен қатар, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің–заңды тұлғаның басшыларымен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер; Жеке тұлғалар үшін–өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (жеке куәлігін), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке куәлігін куәландыратын құжат туралы мәліметтер; өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері; конкурстық ұсыныс; өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен баста үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста: 1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны; 2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау; 3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әр тарап тандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс. Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін –қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін –бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң 2025 жылдың «24» қараша айынан бастап 2025 жылдың «05» желтоқсан аралығында аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдау (конкурстық құжаттама) 2025 жылдың «05» желтоқсан күні 18 сағат 30 минутта аяқталады.

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Конкурсқа қатысушылардың конверттерін ашу және конкурс қорытындыларын шығару жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы 2025 жылы «08» желтоқсан сағат 14-00 де Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі №22 үй мекен-жайындағы аудан әкімдігінің ғимаратында өткізіледі. Ақпарат алу үшін: 8 /72779/ 22008; 21784.



# eGov Mobile қосымшасының жаңа нұсқасы қазақстандықтарға қолжетімді болды

*eGov Mobile* мобильді қосымшасы соңғы жылдардағы ең ауқымды жаңартудан өтті: интерфейсі қайта жасалды, навигациясы жетілдірілді, интеллектуалды іздеу мен цифрлық құжаттарға жедел қол жеткізу мүмкіндігі қосылды. Жаңарту өсіп келе жатқан сұранысқа жауап ретінде іске асырылды – бес жыл ішінде eGov Mobile қолданушыларының саны алты есеге өсіп, 11 миллионнан асты.

**Интеллектуалды іздеу және виртуалды көмекші**

Басты жаңалықтардың бірі – интеллектуалды іздеу. Енді сұранысты енгізген сәтте барлық сәйкес нәтижелер көрсетіледі: қызметтер мен өмірлік жағдайлар. Іздеу жолағының жанында жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін eGov AI виртуалды көмекшісі пайда болды.

eGov AI қосымшаға кіріктірілген және пайдаланушыларға мемлекеттік қызметтер жөнінде қажетті ақпаратты жылдам табуға көмектеседі. Ол чат форматында жұмыс істейді – сұрақ қойсаңыз, көмекші қарапайым тілмен не істеу кергін түсіндіреді, қажет болса бірден тиісті бөлімге немесе қызметке бағыттайды. Мұндай тәсіл уақытты үнемдеп, навигацияны жеңілдетеді. Іздеу жолағы жанындағы eGov AI белгішесін басу жеткілікті – сол сәтте чат ашылып, бірнеше секунд ішінде жауап алуға болады.

**Қауіпсіздік күшейтілді**

Жаңарту барысында ақпараттық қауіпсіздікке ерекше мән берілді. Жеке деректерді қорғау деңгейі арттырылды, жүйенің сыртқы қауіптерге төзімділігін жоғарылатуға бағытталған техникалық жетілдірулер енгізілді.

**Ыңғайлы навигация**



Басты бетте енді ең танымал сервистердің белгішелері көрсетіледі – оның ішінде мемлекеттік қызметтерге жедел қол жеткізу мүмкіндігі де бар. Көзге бірден түсетін жерге орналастырылған eGov логотипі қызметтер каталогына тікелей өтеді. Мұнда барлық қызметтер тақырыптар бойынша реттеліп берілген. Навигация электрондық үкімет және Е-лицензиялау порталы бағыттары бойынша бөлінген. Төменгі бөлікте жаңа мүмкіндіктер жөніндегі қысқаша ақпараттық баннерлер, сондай-ақ ТОП-қызметтер, танымал және ұсынылған қызметтер тізімі орналасқан.

**Жаңартылған «Сервистер» бөлімі**

Қолданушылар үшін барлық цифрлық сервистер тізімі енді қосымшаның төменгі мәзіріндегі «Сервистер» белгішесі арқылы қолжетімді. Басты беттегі танымал сервистерден бөлек, мұнда барлық қолжетімді құралдар бөлімдер бойынша топтастырылған.

Интерфейсі де ыңғайлырақ болды: әр сервис қасында түйреуіш бейнесін-

дегі белгіше бар – оны басқанда қызмет автоматты түрде танымалдар тізіміне қосылады. Сондай-ақ негізгі функцияларды қысқаша сипаттайтын баннерлер орналастырылған, бұл қосымша мүмкіндіктерді тезірек игеруге көмектеседі.

**Цифрлық құжаттарға жедел қол жеткізу**

«Цифрлық құжаттар» бөлімі айтарлықтай жаңартылды. Жеке куәлік, паспорт, туу туралы куәлік және өзге де маңызды құжаттар енді басты бетте бірден көрсетіледі – жеке бөлімге кірудің қажеті жоқ. Бұл қажетті құжатты немесе оның түпнұсқалығын тексеруге арналған QR-кодты лезде көрсетуге мүмкіндік береді.

**Өмірлік жағдайлар каталогы**

Пайдаланушыларға қолайлы болуы үшін өмірлік жағдайлар бойынша жеке каталог енгізілді. Мұнда, мысалы, емханаға тіркелу, құжаттарды қалпына келтіру немесе жүргізуші куәлігін алу тәртібі бойынша кезең-кезеңімен

нұсқаулық берілген. Қажетті жағдай таңдалған кезде құрылымдалған ақпарат ашылады: қандай әрекеттерді орындау керек, қайда жүгіну қажет, қай қызметті пайдалану керек және осы жағдайда қандай нормативтік құжаттар қолданылады.

Әр өмірлік жағдай интерактивті сауалнама арқылы толықтырылады. Оның нәтижесі бойынша пайдаланушыға жеке сценарий ұсынылады. Егер ұсынылған шешім сәйкес келмесе, сауалнаманы қайта өтіп, балама нұсқаны алуға болады.

**eGov QR қызметінің жетілдірілуі**

Енді экранда қызметтің мақсаты туралы түсініктеме көрсетіледі, ал қажет болған жағдайда түнгі уақытта қолдануға ыңғайлы болу үшін экран автоматты түрде жарықтанады.

**«Хабарламалар» бөлімін жаңарту**

Қызмет мәртебелері, сауалнама нәтижелері және маңызды жаңартулар туралы хабарламалар енді тақырыптар бойынша топтастырылған, бұл қажетті ақпаратты іздеуді жеңілдетеді.

**Жеке профильдегі кеңейтілген деректер**

Профильде енді жеке мәліметтер, отбасы, денсаулық, еңбек қызметі, айыппұлдар, мүлік және басқа да салаларға қатысты ақпарат көрсетіледі. Сондай-ақ берілген келісімдер тарихы қолжетімді, ал қажетті бөлімге өту айқын және логикалық навигация арқылы жүзеге асады.

eGov Mobile-дың ауқымды жаңартуы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесі болды.

## Көлік құралдарының электрондық паспорттары жүйесінің сайты жаңартылды

*Қолданушылар үшін ашықтық пен қолайлылықты арттыру мақсатында көлік құралдарының электрондық паспорттары (ҚКЭП) жүйесінің сыртқы сайты жаңартылды. Енді сайтта ҚКЭП мәртебесін тексеруге арналған жаңа онлайн-сервис қолжетімді.*


Бұл сервис арқылы көлік иелері электронды төлқұжатының жарамды-жарамсыз екенін жедел біле алады. Егер қателер салдарынан «жарамды» мәртебесі берілмесе, жүйе себебін автоматты түрде көрсетіп, оны түзету бойынша ұсыныс береді. Қызмет Қазақстанда, сондай-ақ Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясында рәсімделген төлқұжаттарды қамтиды.

Сонымен қатар, сайттың жаңартылған нұсқасы ақпараттық тұрғыдан толықтырылып, навигациясы жеңілдетілді. Мұнда жеке тұлғаларға арналған ҚКЭП рәсімдеу жөніндегі қадамдық нұсқаулықтар орналастырылған: Қазақстанда автокөлік сатып алу кезінде, Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен көлік әкелгенде немесе ЕАЭО-ға кірмейтін үшінші елдерден импорттаған жағдайда.

Жүйемен тікелей жұмыс істейтін заңды тұлғалар үшін ЭПЖ-ге қосылу тәртібі туралы толық ақпарат берілген. Онда келісімшарт жасасу рәсімі, қажетті құжаттар тізімі және өзара әрекеттесуге қойылатын талаптар көрсетілген. Жеке бөлімде ҚКЭП рәсімдеу мен қолдануды реттейтін барлық қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер жинақталған. Сонымен бірге, жиі қойылатын сұрақтарға жауап берілетін бөлім бар, онда ҚКЭП-мен жұмыс істеудің негізгі қырлары түсіндірілген. Сондай-ақ пайдаланушылар толық байланыс деректерін, оның ішінде техникалық қолдау қызметімен байланыс арналарының барлығын таба алады.

**ҚКЭП дегеніміз не?**

Электрондық көлік паспорты – автомобиль туралы толық ақпаратты қамтитын цифрлық құжат: техникалық сипаттамалары, әкеліну және тіркелу тарихы, кодеге жарату деректері жиналған. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанға әкелінген барлық көлік құралдарын алғашқы тіркеу үшін ҚКЭП болуы міндет-



ті. Бұл талап көлік құралдарын тіркеу қағидаларында бекітілген.

ҚКЭП тек Қазақстанда ғана емес, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде – Ресей мен Беларусьта да қолданылады. Оның енгізілуі тіркеу рәсімін жеңілдетіп, жалған құжат жасау мен қателікке жол бермей, елдер арасындағы ақпарат алмасуды сенімді етті.

**Жүйе қалай жұмыс істейді?**

Қазақстанда ҚКЭП-ның ұлттық операторы – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ. Компания ақпараттық жүйенің жұмысын қолдайды, функционалын дамытады және мемлекеттік деректер базаларымен тұрақты интеграцияны қамтамасыз етеді.

ҚКЭП-ға арналған деректер түрлі мемлекеттік органдардан түседі: Техникалық реттеу және метрология комитеті, Мемлекеттік кірістер комитеті, «Жасыл даму» АҚ, ІІМ және басқа ұйымдардан. Бұл көлік құралының толық цифрлық профилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Егер паспортта қандай да бір мәлімет көрсетілмесе, пайдаланушы тікелей тиісті ұйымға жүгінуі қажет. Мысалы, кедендік рәсімдеу туралы ақпарат жоқ болса – Мемлекеттік кірістер комитетіне, көлік құралының құрылымдық қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтер үшін – Техникалық реттеу және метрология комитетіне, ал утилизациялық алым бойынша деректер болмаған жағдайда – «Жасыл даму» АҚ-на хабарласу керек.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бүкіл платформаның тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, қызметтерді жетілдіруде. Мақсат – ҚКЭП рәсімдеу мен пайдалану процесін мүмкіндігінше ыңғайлы әрі түсінікті ету.

Қосымша сұрақтар бойынша 701 999 нөмірі арқылы байланыс орталығына хабарласуға немесе ҚКЭП жүйесінің ресми сайтындағы жаңа тексеру сервисін пайдалануға болады.

**«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті**



# Қазақ әдебиетінің қайталанбас тұлғасы

Қазақ әдебиетінің классик жазушысы әдебиет ауылына «Ақбоз ат» шығармасы арқылы келген Тәкен Әлімқұловтың сөз саптауы ерекше, сөздік қоры мейлінше бай дара тұлға.

Әдебиетке поэзиямен қадам басқан Тәкен Әлімқұлов әдеби сынға белсене араласып, сындарлы сыншы ретінде танылған. Көркем аударма саласында елеулі еңбек еткен қаламгер проза жанрына да үлкен үлес қосты. Тәкен Әлімқұлов — қазақ әдебиетінің классигі, өз заманында көпке танымал бола отырып, қазақ халқының өмірі мен болмысын шынайы әрі терең бейнелеген ұлы жазушы.

Кез келген шығармасын оқып қарасаңыз, өмірдің шынайы бет-бейнесі, адамның тағдыры сыр шертіп тұрғандай көңілге түрлі ой салады. Себебі ол – сырлы суреткер, шебер қаламгер десек артық болмас. Өмір жолында алпыс әңгіме, жеті хикаят, екі роман, үш өлеңдер жинағы, қаншама сын мақала жазған жазушыны қазақ маңдайына біткен нағыз елім, жерім дейтін азамат десек артық болмас.

Биыл, 2025 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында әдебиетімізде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Тәкен Әлісқұловтың шығармалары еніп отыр. Ол ел психологиясының тереңдігін, дәстүрлі мәдениеттің эпикалық кеңдігін, қоғамның дамуы үшін маңызды тарихи оқиғаларды бейнейлейтін шығармалар жазды.

Жазушы, әдебиет сыншысының шығармаларын насихаттау мақсатында Қарасаз ауылдық кітапханасында ақынға арналып «Қазақ әдебиетінің қайталанбас тұлғасы» атты тақырыпта дайджест ұйымдастырылды. Шара барысында кітапханашы Т.Әлімқұловтың өмірі мен шығармашылық жолы жайлы қысқаша баяндама оқыды. Сонымен қатар жазушының әдеби мұрасы әңгімелер мен повестер жинағы: «Сейтек сарыны», «Туған ауылда», «Күрең өзен»,

«Көк қаршыға», «Кертолғау», «Бар өмір алда», «Шежірелі сахара», «Көкек айы», «Ақ боз ат» атты алғашқы романын, «Тұлпардың тағдыры» романы т.б. шығармаларын оқырмандар назарына ұсынды. Сондай ақ кітапханашы ақынның қазақ халқының басынан өткерген ауыр да қасіретті кезеңдерінің шежіресіне айналған «Телқоңыр» шығармасын оқуды ұсынды. Бұл тек әдеби шығарма ғана емес, ол шығармада адамның рухани әлемі, оның арпалысы мен өмірге деген көзқарасын көркем тілмен жеткізген шығарма.

Егер әлі оқымаған болсаңыз, Тәкен Әлімқұловтың «Телқоңыр» кітабын оқып, ұлттық әдебиеттің қазынасына қосылыңыз дегім келеді.

Бұл кітапты оқи отырып, біз қазақтың ұлы тарихы мен оның қасіреттерін, сондай-ақ адам болмысының күрделі түйіткілдерін түсіне аламыз. Әлімқұловтың шығармашылығы — ұлттың рухын түсінуге жол ашады.

Иә,,,

...Оның өз әлемі бар. Оның әлемі – ұстаз бен шәкірт, аға мен іні, кітап пен оқырман, суреткер мен кейіпкер, ел мен жер, әдебиет пен өнер, қалам мен қағаз, ой мен сезім, аспан мен жер, күй мен күйші, қобыз бен домбыра, ғалым мен ғылым, сын мен сыншы, ақын мен өлең, саз бен сөз астасып жатқан ерекше әлем...

Дара тұлғаның өмір жолын парақтап қарасақ, расында тірісінде елден ерек ғұмыр кешкен, ешкімге ұқсамаған Тәкен Әлімқұловтың аңызға бергісіз тағдыры бар. Өмірден өткеніне ширек ғасыр болса да, қаламынан туындаған шығармалары ел аузында, халық жүрегінде.

Аян АЛИШЕВА,

Қарасаз ауылдық кітапханасының кітапханашысы

# Еске алу



Сарыжаз ауылының тумасы, адал да ақкөңіл досымыз **АЛМАБЕКОВ Болат Бақбергенұлын** сағынышпен еске аламыз. Қазан айының 19 жұлдызында досымыздың өмірден өткеніне де 1 жыл уақыт толады екен. Құлын-тайдай тебіскен, бір нанды бөліп жеп ішкен бауырымыздың арамыздан алыстағанына 1 жыл уақыт өтіпті. Өмір өзен өз арнасымен өз ағысын өзгертпей жылжып жатыр. Болат досымызды бас қосқан жерде еске алып, сағынып әңгімемізге қосып жүреміз.

Алланың қалауына еш пенде қарсы келе алмайды екен. Қимастық сезім басым болғанымен адамның амалы жоқ. Ақпейіл досымыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдасы болып мәңгілік орны Жұмақтың төрінде болса екен.

Еске алушылар: 1984 жылғы достары

# Классикалық шошқа обасы

Классикалық шошқа обасы (ТЖК) — әртүрлі тұқымды және жас топтарындағы шошқалардың қауіпті жоғары жұқпалы вирустық ауруы. Ауру безгегімен, қан айналымы мен қан түзу жүйелерінің зақымдануымен, өкпе мен ішектегі қабыну процестерімен сипатталады. Африкалық шошқа обасы (Achs) — өте өткір, жедел, субакуталы, сирек созылмалы ағыммен және үлкен өліммен сипатталатын жұқпалы вирустық ауру. Үй жануарлары мен жабайы шошқалар жасына және тұқымына қарамастан ауырады. ТЖА қоздырғышы-физикалық және химиялық әсерге өте төзімді вирус, шошқалардың мәйіттерінде 10 аптаға дейін, көңде - 5 айға дейін немесе одан да көп, ал топырақта — жылдың маусымына байланысты 4 айдан 5 айға дейін сақталады. Мұздатылған мяс, ысталған шұжықта вирус 4 айға дейін сақталады. Шошқаның оба вирусының енуіне жол бермеу үшін:

- 1.Шошқаларды ұстаудың зоогигиеналық нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау, шошқалардың аурулары бойынша қолайлы аумақтардан жем сатып алу және оларды тамақтандыру алдында термиялық өңдеуді жүргізу;
- 2.Шошқаларды ұстау, жемшөп сақтау және дайындау орындарын дезинфекциялауды және дезинсекциялауды (сыртқы паразиттерге қарсы өңдеуді) тұрақты жүргізуді қамтамасыз ету;
- 3.Шаруашылықтың жабық типтегі жұмысын қамтамасыз ету (шошқаларды үйсіз ұстау, оның ішінде шошқалардың басқа жануарлармен – бөтен шошқалармен, басқа жануарлармен, жыртқыш құстармен, жануарлармен,

иттермен және мысықтармен байланысқа түсуіне жол бермеу), шошқаларды ұстау орындарына бөгде адамдарды жіберуді болдырмау;

4.Шошқаларды, жаңадан сатып алынатын шошқаларды әкету орнының саламаттылығын растайтын ветеринариялық ілеспе құжаттарсыз рұқсат етілмеген сауда орындарында шошқаларды сатып алмау — мемлекеттік ветеринариялық мекемелерде және ауылдық әкімшіліктерде тіркеу;

5.Ветеринариялық мамандардың шошқаларға толыққанды қызмет көрсетуін қамтамасыз ету (ауруларға қарсы вакцинация жүргізу және қажетті клиникалық зерттеулерді қамтамасыз ету, дене температурасын өлшей отырып, жануарларды ветеринариялық тексеруді кезең — кезеңмен жүзеге асыру, ветеринариялық маманның қатысуымен мамандандырылған сою орындарында немесе сою пункттерінде сою жүргізу);

6.Жануарлардың мәйіттерін, оларды күтіп — ұстаудан және қайта өңдеуден шыққан қалдықтарды полигондарға, жол жиектеріне тастамауға;

7.Жабайы қабандар мекендейтін орман алқаптары арқылы ағып жатқан тыныш ағыны бар ағындар мен шағын өзендерден суды жануарларды суару үшін пайдаланбаңыз.

Шошқа обасымен күресу мыналарды қамтиды:

ТЖК анықталған елді мекендерге, шаруашылықтарға, шошқа фермаларына және кешендерге қатаң карантин қою;

Эпизоотиялық ошақтағы барлық шошқалар қансыз әдіспен сойылады;

Барлық қаңқалар белгіленген ка-

рантин ауданының аумағынан шығарылмай өртеледі;

Құлаған артодактилдердің мәйіттері, Жем қалдықтары, көң, тозған құрылыстар, мүкәммал орнында өртеледі;

Өртеуге болмайтын шошқаларды ұстау орындары Мұқият дезинфекцияланады;

Осы аумақта кенелерді, кеміргіштерді, жәндіктер мен қаңғыбас жануарларды жою бойынша операциялар жүргізілуде;

Жоғарыда аталған барлық іс-шаралар анықталған инфекция аймағынан 20 км радиуста да өткізіледі;

Барлық іс шаралар өткізілгеннен кейін 30 тәулік ішінде базарларда мал шаруашылығының кез келген өнімін сатуға және белгіленген аудан шегінен тыс жерлерге әкетуге тыйым салынады;

Келесі 6 ай ішінде аталған ауданнан өсімдік шаруашылығы өнімдерін әкетуге тыйым салынады;

Келесі жылы осы аумақта кез — келген шаруашылықта шошқа өсіруге тыйым салынады.

Тағы да еске салғым келеді, шошқалардың африкалық обасын емдеу мүмкін емес, оның таралуын тек тиімді және қатаң алдын-алу шараларымен тоқтатуға болады. Шошқа фермаларының иелері үшін өз шаруашылығында оба жұқтырудың алдын алу үшін келесі кеңестерді келтіруге болады:

Сіздің үйіңізге бөгде адамдардың келуін болдырмаңыз;

Жануарларды серуендеусіз ұстау режиміне қойыңыз;

Ұсақ кеміргіштер мен қан соратын (бүргелер, кенелер) жәндіктерді жою үшін үнемі шаралар қолданыңыз;

Жануарларды тамақтандыру үшін тек өнеркәсіптік жемді қолданыңыз, оларды 80°С-тан жоғары температурада термиялық өңдеуден өткізіңіз;

Аурудың тасымалдаушысы болуы мүмкін жабайы және қаңғыбас жануарлар мен құстардың (қабандар, иттер, мысықтар, қарғалар және басқалар) шошқа фермасының аумағына ену мүмкіндігін болдырмаңыз;

Шошқа фермасында өңделмеген мүкәммалды пайдаланудың, арнайы өңдеуден өтпеген автокөліктің аумағына кірудің алдын алыңыз;

Ветеринардың тексеруінсіз және шошқалардың денсаулығы туралы ветеринариялық органдардың қорытындысынсыз жануарларды союға болмайды;

Жануарларды ықтимал жұқпалы ауруларға (шошқа беттері, классикалық оба және басқалар) қарсы вакцинациялауды ұмытпаңыз, ветеринардың шошқа фермасының мал басын тексеру жоспарын жасаңыз;

Шошқалардың күтпеген өлімі немесе сою жағдайлары туралы дереу тиісті ветеринариялық органдарға хабарлаңыз. Ешбір жағдайда құлаған шошқалардың мәйіттерін полигондарға тастамаңыз, мұндай шошқа переработ өңдеуге тырыспаңыз-мұндай әрекеттерге тыйым салынады, өйткені олар африкалық обаның таралуына әкелуі мүмкін. Есіңізде болсын, карантин ережелерін және шошқа обасымен күресудің басқа да ветеринариялық-санитариялық ережелерін бұзғаны үшін кінәлілер қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жауапқа тартылады!

Текес ауылдық округі ветеринариялық пункті





**Құрметті ҰМБЕТБАЕВА Зағира Қашқынбайқызы!** Сізді, зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұзақ жылдар бойы кітапхана саласында абыроймен еңбек етіп, оқырмандарға білім мен мәдениет жарығын таратқан, талай шәкірттің жүрегіне рухани байлықтың дәнін еккен еңбегіңіз зор құрметке лайық.

Өз ісіне адалдық, адамға мейірім мен ізгілік танытып, әріптестерінің арасында сый-құрметке бөленіп келген Сізге алдағы өмір жолыңызда зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға амандық пен шаттық тілейміз!

Зейнет өміріңіз баянды, күндеріңіз нұрлы, көңіліңіз шат болсын!

Еткен еңбегіңіздің жемісін көріп, ұрпақ қызығын тойлай беріңіз!



*Кітапхананың шырағын жағып келген,  
Нұрлы жолмен талайға бағыт берген.  
Мерейлі зейнет жасыңыз құтты болсын,  
Бақыт, шаттық, қуаныш алып келген!*

**Құттықтаушылар: «Райымбек аудандық кітапханасы» ұжымы**

Қақпақ ауылдық округінің әлеуметтік қызметкері **Толғанай ЕРБОЛҚЫЗЫН** қазан айының 15 жұлдызында 30 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Туған күн иесіне әлемдегі бар иші жақсылықтарды тілейміз. Алланың тарту еткен әр күні тек қуаныштардан тұрсын. Тәтті өмірдің бақытына кенеліп, бау-бақшадай көгеріп өсіп-өніп, бақытты да ұзақ өмір кешіңіз.

«Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен» демекші ақыл мен біліміңіздің арқасында атқарып жүрген қызметіңізде табысты болыңыз. Биік белестерді бағындырып, еңбегіңіздің жемісін жеңіз. Әрқашан денсаулығың мықты, өмірің жаз күніндей жайдарлы болсын, өмір жолың ашық, жұлдызың жарық болғай, ойға алған арман, мақса-мұраттарың орындалсын.

*Мерейлі болып әр күнің жылжып өткен,  
Көңіліңде гүл жарсын, нұрлы көктем.  
Бақыт құсы басыңнан таймаса екен,  
Тілектеспіз біз саған шын жүректен.*



**Құттықтаушылар: Қақпақ ауылдық округінің әкімшілік, мәдениет, ветеринария және байланыс бөлімшесінің ұжымы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

"QAZAQ GRANIT" ЖШС «Қарағайлыақтас» кенорнының «Орталық» учаскесінде қалайы-вольфрам-литий кендерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 20 қарашада, сағат 15:30-де Алматы облысы, Райымбек ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылы, С. Ашимбаев көшесі №36, ауыл әкімдігі ғимаратында өтеді.

Жоба құжаттамасы келесі сайттарда орналастырылған:<https://hearings.ndbecology.gov.kz> және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында:<https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Қоғам өкілдері өз ескертулері мен ұсыныстарын келесі мекенжайларға жолдай алады:

Электрондық түрде: 329267eco@mail.ru  
Қағаз нұсқада: Алматы облысы, 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, №12

Тел.: +7 (72772) 2 32 27  
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: "QAZAQ GRANIT" ЖШС  
Мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылдық округі, Бесағаш ауылы, Т. Аубакиров көшесі, 15-ғимарат, Тел.: +7 (701) 993 74 41,  
Е-mail: qazaqgranit15@mail.ru, БСН: 130540021690,  
Директор: Ғылымхан Қали

Есеп жобасын дайындаған: ЖК Рыженко А.Н. (ҚР ЭМ 01.02.2019 ж. № 02462Р МЛ). Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Майлы Қожа көшесі, 59. ЖСН 81122930051. Қосымша ақпарат келесі телефон бойынша: 87026611651, e-mail: alex\_291281@mail.ru

Төтенше жағдай енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Онлайн қосылуға сілтеме:  
<https://us05web.zoom.us/j/81979554732?pwd=WfBV6lfp1bmollnf4sd6Pv8F5xmQf.1>

Конференция идентификаторы: 819 7955 4732  
Кіру коды: 6f51h3  
Учаске орталығының географиялық координаттары: 42°39'0.91"С, 80° 3'13.98"В.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ТОО «QAZAQ GRANIT» уведомляет о проведении общественных слушаний по получению комплексного экологического разрешения на "План горных работ по добыче оловянно-вольфрамово-литиевых руд на участке «Центральный» месторождения Карагайлыактас"».

Слушания состоятся 20.11.2025 г., в 15:30, по адресу: Алматинская область, Райымбекский район, Жамбылский с.о., с. Жамбыл, ул. С. Ашимбаева №36, здание сельского акимата.

Документация по проекту размещена на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области».

<https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>  
Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: 329267eco@mail.ru, в бумажной форме: Алматинская область, 040800, город Қонаев, улица Құрылысшы, № 12., тел.+7 (72772)2 32 27  
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «QAZAQ GRANIT».  
Адрес: Алматинская область, Талгарский район, с/о Бесағаш, с. Бесағаш, ул. Т. Аубакирова, здание, 15.  
Тел: +7(701)-993-74-41. Е-mail qazaqgranit15@mail.ru, БИН 130540021690. Директор – Ғылымхан Қали

Составитель отчета: ИП Рыженко А. Н. (ГЛ МЭ РК № 02462Р от 01.02.2019 г.). Республика Казахстан, г. Шымкент, ул. Майлы Кожа, 59. ИИН 811229300512. Доп. информация по тел: 87026611651, e-mail: alex\_291281@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение:  
<https://us05web.zoom.us/j/81979554732?pwd=WfBV6lfp1bmollnf4sd6Pv8F5xmQf.1>

Идентификатор конференции: 819 7955 4732  
Код доступа: 6f51h3  
Географические координаты центра участка: 42°39'0.91"С, 80° 3'13.98"В.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

"QAZAQ GRANIT" ЖШС 2026–2029 жылдарға арналған экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша Қарағайлыақтас кен орнының «Орталық» учаскесінде қалайы-вольфрам-литий кендерін өндіру тау-кен жұмыстарының жоспарына қатысты жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелерді талқылауға қатысуға мүмкіндік беріледі.

Қоғам өкілдері экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын электрондық түрде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> сайтына немесе e-mail: 329267eco@mail.ru электрондық поштасына, сондай-ақ қағаз түрінде: Алматы облысы, 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, №12, тел.: +7 (72772) 2-32-27 мекенжайына қоғамдық тыңдаулар басталған күннен бастап, яғни 20.10.2025 ж. бастап жиырма жұмыс күні ішінде жібере алады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ТОО «QAZAQ GRANIT» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по Программе повышения экологической эффективности на период 2026-2029 годы для плана горных работ по добыче оловянно-вольфрамово-литиевых руд, участок «Центральный» месторождения Карагайлыактас.

Всем гражданам и общественным объединениям предоставляется возможность принять участие в обсуждения вопросов в области охраны окружающей среды.

Представители общественности могут ознакомиться с программой повышения экологической эффективности, высказать свои замечания и предложения в электронной форме на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> или по e-mail: 329267eco@mail.ru, в бумажной форме: Алматинская область, 040800, город Қонаев, улица Құрылысшы, № 12., тел.+7 (72772) 2 32 27, в течении двадцати рабочих дней, с даты начала общественных слушаний 20.10.2025г.



**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«ХАНТӘНГІРІ  
РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС  
  
Директор-  
**Перизат ІЗТЕЛЕУ**  
  
Бас редактор –  
**Дастан ЖАНАСІЛ**

**Редакция алқасы:**  
  
**Айгүл ТАҒАЕВА** –  
веб-редактор, дизайнер  
  
**Ақерке БИЖАН** - тілші

Қазақстан Республикасы  
ақпарат және  
коммуникация министрлігі  
байланыс, ақпараттандыру  
және бұқаралық ақпарат  
құралдары саласындағы  
мемлекеттік бақылау  
комитетінде 2017 жылғы  
13 сәуірде тіркеліп,  
№16447-Г куәлігі  
берілген.

«Принт-плюс» ЖШС-ның  
баспаханасында басылады.  
Алматы облысы, Іле ауданы,  
Өтеген батыр ауылы,  
С.Сейфуллин көшесі, 2 «Б»  
  
Таралымы 3000 дана.  
Индексі 65543.  
  
Көлемі екі баспа табак.  
Офсеттік тәсілмен басылған.  
Газет айына төрт рет шығады.  
Бағасы келісімді.

Жарияланған мақала  
авторларының пікірі редакция  
көзқарасын білдірмейді.  
  
Материалдар иесіне  
қайтарылмайды және оған  
жауап берілмейді. Жарнама  
мен хабарландырудың  
мазмұны мен мәтіні,  
суреттеріне жарнама беруші  
жауапты.

**Редакцияның  
мекенжайы:**  
Нарынқол ауылы,  
Б.Соқпақбаев көшесі, 20/1,  
1- қабат  
  
**Байланыс телефондары:**  
Бас редактор **2-20-92**,  
Жауапты хатшы **2-20-34**  
  
Нөмірдің кезекші редакторы  
**Дастан ҚАСЕНҰЛЫ.**